



ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ӨНІМІ –
ОТАҢДЫҚ ЕКПЕ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ӘСКЕРДЕН НЕГЕ
ЖАЛТАРАДЫ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



18 ЖЫЛ ҚАПАСҚА
ҚАМАЛҒАН

8-БЕТ | ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

“”

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ҚР ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫ:

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ САН ҒАСЫРЛАР
БОЙЫ ӨЗІНІҢ ЕГЕМЕНДІГІ МЕН
ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСІП КЕЛДІ.
ӨЗІНІҢ ЕҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ;
ҚАТЕР ТӨНГЕН СӘТТЕ БІРІГІП,
ҰЙЫМДАСА БІЛУІНІҢ, СОНДАЙ-АҚ
БАСҚА ХАЛЫҚТАРМЕН БЕЙБІТ-
ШІЛІК, КЕЛІСІМ МЕН ТАТУ КӨРШІЛІК
ЖАҒДАЙЫНДА ТҰРУҒА ДЕГЕН
ЫНТА-ЫҚЫЛАСЫНЫҢ АРҚАСЫНДА
ОЛ ТАРИХ ТАСҚЫНЫНЫҢ АСТЫНДА
ҚАЛЫП ҚОЙМАЙ, ӨЗІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІГІН ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРЕ АЛАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ


№65 (4189)
Сенбі
5 маусым
2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН БАСПАНА БЕРІЛЕДІ

Астана – жастар қаласы. «Елорда жастары» бағдарламасы аясында астаналық жастарға сапалы білім және кәсіби бағдар беру, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, бос уақытты тиімді ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп отыр. Кеше өткен «Біз – ел патриотымыз» халықаралық жастар форумында Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордалық жастарға несиеге 5 пайыздық үстемемен баспана берілетінін мәлім етті.

«Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін барлық жағдай қарастырылып отыр. Соның ішінде елордалық жастардың мәселелерін жан-жақты қамтитын «Елорда жастары» бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның негізгі мақсаты –

жастардың белсенділігін арттырып, жан-жақты дамуына мүмкіндіктер жасау, сонымен қатар жастардың әлеуетін арттыру. Бағдарлама негізгі 4 бағыттан тұрады: сапалы және қолжетімді білім, кәсіптік бағдар, жұмыспен қамту және жастар кәсіп-

керлігі, баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларға қолдау көрсету, денсаулық сақтау және бос уақытты ұйымдастыру» деп атап өтті қала басшысы «Біз – ел патриотымыз» халықаралық форумында. Жастарға баспана беру мәселесі

бойынша бағдарлама аясында жастар құны 13 млн теңгеге дейінгі пәтерлерді жылына 5 пайыздық үстемемен несиеге ала алады. Бағдарламаның бұл бағыты «Отбасы банкпен» бірге жүргізіледі.

ЕЛОРДА ТЫҢЫСЫ



БАЛАБАҚШАҒА ҚАШАН ҚАБЫЛДАЙДЫ?

Бас қалада балабақшаға қабылдау 10 маусымда басталады. Ол үшін www.Indigo24.kz сайтында өтініш беру керек. Қазіргі таңда жеке балабақшалар мен шағын орталықтарда 24 297 бос орын бар.

Бүлдіршіндерді мектепке дейінгі ұйымдарға жоспарлы жинақтау www.Indigo24.kz сайты арқылы жүргізіледі. Биыл барлық мемлекеттік балабақшалар базасында сағат 8.00-ден 18.00-ге дейін ата-аналарға арналған онлайн-кеңестер ұйымдастырылды. Қажет болған жағдайда ата-аналар санитарлық-дезинфекциялық шараларды сақтай отырып, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың жанындағы консультативтік пункттерге жүгіне алады.

www.Indigo24.kz электрондық жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдарда (жеке балабақшалар мен шағын орталықтар) 24 297 бос орын бар, оның ішінде:

- 2019 жылы туған – 6 074 орын;
- 2018 жылы туған – 9 372 орын;
- 2017 жылы туған – 5 616 орын;
- 2016 жылы туған – 3 235 орын.

Жинақтауды өткізу кестесі және жолдама алу алгоритмі қала әкімдігінің ресми сайтында www.astana.gov.kz, сондай-ақ www.Indigo24.kz сайтында орналастырылады. Байланыс нөмірлері: 55-68-51, 55-68-64, 55-72-49, 55-68-74.

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ЕКПЕ АЛСАҢ, СЫЙЛЫҚ БОЛАДЫ

Елордалық СОО-да вакцинацияланған азаматтар арасында жүлделер ойнатылды.

Тұрғындар екпе қабылдағаннан кейін ұтыс ойынына қатыса алды. Жүлделер арасында тұрмыстық техника, электроника сынды бағалы сыйлықтар қарастырылған.

Қалалық емхананың дәрігер-эпидемиологы Перизат Шахманова вакцинация пункттерінде Спутник V, QazVac және Науат-Vax вакциналары ұсынылатынын айтты.

Елордада КВИ-ға қарсы вакцинациялаудың 100-ден аса пункті ашылған. Олардың қатарында «Mega Silk Way», «Кегуеп», «Хан Шатыр», «Сарыарқа», «Eurasia», «Әбу-Даби Плаза», «Азия Парк», «Биг Шанхай», Орталық базар, «Әлем» және «Астаналық» сауда орталықтары бар. Вакцинация пункттері демалыссыз сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс істейді.



КӨК ТУДЫ ЖЕЛБІРЕТТІ

Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай мерекелік шара өтті.

Іс-шараға ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығының жетекшісі О.Қарабаев пен Байқоңыр ауданының әкімі Н.Нұрсағатов қатысты. Салтанатты шарада «Көк тудың желбірегені» әні шырқалды.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекетіміздің негізгі құрамдас бір бөлігі. Алтын күн мен қыран бейнеленген көк Туымыз, барша қазақстандықтардың шаңырағы ретінде бейнеленген Елтаңбамыз бізді бүкіл әлемге тәуелсіз Қазақстан ретінде танытты.



ЕЛБАСЫ

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Армения Республикасының Президенті Армен Саркисянмен кездесті. Тараптар екі ел арасында тәуелсіздік жылдарында қол жеткізілген ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атап өтіп, өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алды. «Қазақстан мен Армения арасында тарихи тұрғыдан жақсы қарым-қатынас қалыптасты. Тәуелсіздік жылдарында мен Арменияның барлық президенттерімен әріптестік байланыста болдым. Біздің елдер арасында шешім таппаған мәселе жоқ. Қазір Армениядағы жағдай күрделі екенін білемін» деді Елбасы. Нұрсұлтан Назарбаев Армения, Әзербайжан және Ресей көшбасшылары арасында 2020 жылы 9 қарашада қол жеткізілген уағдаластық Ереван мен Баку арасындағы барлық түйткілді мәселелерді шешуге жол ашатынына сенім білдірді. Армен Саркисян Елбасыға қонақжайлық танытып, маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтты. «Біз жақсы әрі жақын қарым-қатынастамыз. Бұл шын мәнінде солай. Ұзақ жылдан бері Қазақстанда армян қауымы бақуатты өмір сүріп жатыр. Біздің достығымыздың Армения Республикасымен қатар, барша армян ұлты үшін де маңызы зор» деді А.Саркисян.

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Мемлекет басшылары екіжақты күн тәртібіндегі барлық бағыт бойынша қазақ-әзербайжан қатынастарының даму қарқыны жоғары екенін атап өтті. Президенттер стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге ниетті екенін айтып, өзара ықпалдастықты кеңейтудің нақты мәселелерін егжей-тегжейлі талқылады. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өнеркәсіп, машина жасау, ауыл шаруашылығы, көлік салалары бойынша жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталып, екі ел үкіметтерінің тығыз қарым-қатынас жасауы қажет екеніне назар аударды. Мемлекет басшылары өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, Ауғанстандағы ахуалға байланысты Орталық Азияның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын күшейту мақсатымен ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін нақтылады.

ПАРЛАМЕНТ

Сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қабылдады. Келісімге 2019 жылы 14 қазанда Баку қаласында Қазақстан мен Әзербайжан Ішкі істер министрлері қол қойды. «Келісімді ратификациялау көші-қон ағындарын реттеу, азаматтық мәселелерін шешу және заңсыз көші-қон желілерін анықтау үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Нақтырақ айтсақ, статистика мен ақпарат алмасуға мүмкіндік жасалады, азаматтар туралы жеке ақпарат алуға болады. Қазақстан мен Әзербайжан азаматтарының құқықтық мәртебесі анықталады. Көші-қон саласындағы қылмыстармен күресіп, заңсыз қаналдарды жоюға болады. Қазақстан мен Әзербайжан мемлекеттерінде заң бойынша қос азаматтық жоқ» деді Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев. Оның айтуынша, осы заңды қабылдау азаматтық мәселелері бойынша ақпаратпен алмасу, қос азаматтық және заңсыз көші-қонға қарсы күресте туындаған мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ




ТОКИО

10 мың волонтер Токио Олимпиадасына көмектесуден бас тартты. Елде Олимпиада ойындары қызу талқыланып жатыр. Өйткені шараны тағы да кейінге қалдыру керек деген пікірлер көбейген. Жергілікті тұрғындардың көбі осы ойды қолдайды. Себебі жазда коронавирустың төртінші толқыны басталуы мүмкін деген күдік бар. Алайда билік дүбірлі дода қауіпсіз өтетініне сендіріп отыр. Еріктілер Олимпиада ойындары алдында Токиодағы эпидемиологиялық ахуалдың ушығуына байланысты ауқымды шараны өткізу қауіпті деп наразылық білдірді.



ГАВАНА

Куба билігі өзінің коронавирусқа қарсы отандық вакцинасын көмелеп жасқа толмаған балаларға сынады. Жоспар бойынша клиникалық сынаққа шамамен 300-ге жуық 12 мен 18 жас аралығындағы жасөспірім қатысады. Сынақ алдымен ересек балаларға жүргізіледі, келесі кезеңде 3 пен 11 жас аралығындағы бүлдіршіндерге сыналады. Жалпы препаратты бұған дейін мыңнан астам ерікті қабылдаған. Олардың 95 процентінде антиденелер байқалды. Ал препарат 3 жасстан асқан балаларға арналған. Бүгінде Куба елінде ковид індетіне қарсы 5 түрлі вакцина шығарылып, ғылыми-зерттеуден өтуде.



БАСЫМ БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев видео конференция режимінде БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесу өткізді.

Келіссөз барысында Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымымен арадағы ынтымақтастығының басым бағыттары талқыланды. Пандемияға және климаттың өзгеруіне қарсы күреске, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күш жұмылдыруға ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Гутерриштің БҰҰ басшысы лауазымына екінші мерзімге ұсынған кандидатурасын Қазақстанның қолдайтынын нақтылады.

Тараптар Ауғанстандағы ахуалға байланысты өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесін

жан-жақты қарастырды. Мемлекет басшысы Ауғанстанға көрсетілген көмекті жалғастыруға дайын екенін және сол елдегі тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған халықаралық іс-қимылдарға атсалысатынын айтты. Бұл ретте, БҰҰ Бас хатшысы аталған үдерісті ілгерілетудегі Орталық Азия мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстанның айрықша рөлін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысына коронавирусқа қарсы күрес жөнінде қабылдануып жатқан шаралар, оның ішінде, QazVac отандық вакцинасының әзірлемесі туралы мәлімет

берді. Сондай-ақ осы жылдың соңына дейін халықтың 55 пайызына екпе салу жоспарын жеткізді. Антониу Гутерриш коронавирус індетіне қарсы қазақстандық вакцинаның әзірлемесін және жаппай екпе салу науқанының табысты жүргізіліп жатқанын құптады.

БҰҰ Бас хатшысы теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер тобына кіретін мемлекеттердің мүддесін қорғауға бағытталған Қазақстанның бастамасын құптады. Бұл, әсіресе, пандемия салдарынан туындаған дағдарыс кезінде өзекті болып отыр.

Қазақстан Президенті биылғы 7 қараша айында Глазгода өтетін COP26

дүниежүзілік климат конференциясына қатысуға ниетті екенін жеткізді. Аталған жиын барысында 2060 жылға қарай Қазақстанның көміртегінен адал болуға қол жеткізу жөніндегі жаңартылған ұлттық шаралары жарияланады.

Антониу Гутерриш Қазақстанның ядролық қаруға қарсы жаһандық мәселені ілгерілетудегі көшбасшылығын жоғары бағалады. Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысын Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай тамыз айында елімізде өткізілетін халықаралық конференцияға шақырды.

Әңгімелесу соңында тараптар ортақ мүддені көздеген ауқымды мәселелер бойынша жасалатын тығыз байланыстарды жалғастыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді.



ОТАНШЫЛ ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Кеше Елбасы кітапханасында ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Біз – ел патриотымыз» халықаралық жастар форумы өтті. Форумды Тұңғыш Президент – Елбасы кітапханасы, Нұрсұлтан Назарбаев қоры, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырды. 300-ге жуық адам қатысқан форумға Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, АҚШ, Түркия, Франция жастар ұйымдарының өкілдері, Қазақстан аймақтарының көшбасшы жастары, ҚР Парламенті мен облыстық, қалалық мәслихаттардың жас депутаттары, кәсіпкерлер, ғалымдар, спортшылар, «Болашақ» бағдарламасының түлектері, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары, еріктілер және шығармашыл жастар қатысты.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың құттықтау хатын қағысушыларға Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат оқыды. «Жастар – қоғамның қозғаушы күші, үкілі үміті. Егемендік жылдары елімізде санасыз азат, ойы сергек тұтас бір жаңа буын қалыптасып, өсіп жетілді. Өздеріңіз білетіндей, әр ұлттың бәсекеге қабілетті болуы ең әуелі білім сапасымен өлшенеді. Сіздер заман талабына тез бейімделіп, қиындыққа қасқая қарсы тұруға тиіссіздер. Бүгін де, дағдарыстан кейін де ең маңызды даму тренді – адами капиталдың сапасы. Зерделі де зерек, білімді де білікті жастары бар елдің қашанда еңсесі биік, ертені нұрлы болмақ» делінген Елбасы құттықтауында.

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев тарихын білетін, мемлекетті құрметтейтін, үнемі ізденіп, даму үстінде жүретін адал, еңбекқор азаматтар – Мемлекет басшысы айтқандай, ұлтының нағыз патриоттары деген ойын жеткізді. «Қасым-Жомарт Тоқаев елдің технологиялық және рухани жаңғыруындағы жастардың шешуші рөлін белгілеп, мемлекеттің қуатты әлеуеті, экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайларға баламалы, прогрессивті көзқарастың көзі ретінде жастардың саяси санасын дамытуды қолға алды. Бүгінде негізін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев қалаған жастардың патриоттық тәрбиесі азаматтық қоғамның дамуы мен тұрақты прогреске қол жеткізуінің

ажырамас, қажетті бөлігі болып отыр» деді Қырымбек Көшербаев форумда сөйлеген сөзінде.

Бүгінде Қазақстанда жастарды қолдау және ынталандыру бойынша бірқатар мемлекеттік жобалар іске асырылып жатыр. Олардың қатарында Елбасы бастамасымен құрылған «Болашақ» халықаралық стипендиясы, президенттік жастар кадрлық резерві, жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары, т.б. бар. Елімізде сондай-ақ 29 жасқа дейінгі әйелдер мен жастар үшін саяси партиялардың сайлау тізіміне міндетті 30 пайыздық квота енгізілген. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы көптеген жылдар бойы тағайындалып келсе, биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен дарынды жастарға «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бекітілді.

Нұр Отан партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек еліміздегі жетекші саяси күштің жас буынға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті. «Ғасырлар бойы жаһан жастары әлемді өзгертуге даярлығын, зиялығын сөзбен емес, іспен дәлелдеп келеді. Қазақстанның жаңа толқынына келсек, ковид экспресс-тестін ойлап тапқан ғалым Болат Сұлтанқұлов, сұңғыла шахматшы Жансая Әбдімәлік, «Грэмми» иегері Иманбек Зейкенов, дарынды режиссер Айсұлтан Сейітов сияқты жастардың есімі көпке белгілі. ...Қоғамның көкейін мазалаған кез келген өзекті мәселе жастармен байланысты,

себебі әрбір үшінші қазақстандық – 35 жасқа дейінгі ел азаматы. Қазақстанның Тұңғыш Президенті, партиямыздың көшбасшысы мемлекет пен ұлттың болашағы тікелей жастардың қолында екенін әрдайым айтып отырады. Сондықтан да Нұр Отан еліміздің жас буынына ерекше көңіл бөледі. Партия құрылған жылдың өзінде «Жас Отан» жастар қанаты құрылып үлгерген болатын. Бүгінде ол 100 мыңнан астам жас жалынды қамтып отыр. Дәл бір апта бұрын партия саяси кеңесінің бюросы «Жастар – Отанға!» жобасын жүзеге асырудың 2025 жылға дейінгі жол картасын бекітті. Бұл жоба сапалы білім, жұмыспен қамту, жас отбасыларды демеу, қолжетімді баспана, жеке даму сияқты 5 негізгі бағытты қамтиды» деді ол.

Форумға қатысқан Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов еріктілердің жаһандық пандемиямен күреске зор үлес қосқанын қадап айтты. «Президент 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. Еріктілер жаһандық пандемиямен күреске зор үлес қосты. Бас қалада еріктілермен бірге 600-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, 170 мыңнан астам адамға көмек көрсетілді. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында Еріктілер штабы жұмыс істейді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы аясында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қалалық еріктілер штабы 700-ден астам шаралар өткізуді жоспарлап отыр» деді Алтай Көлгінов. Форум соңында қарар қабылданды.

ЗАУЫТ ПЕН ФАБРИКА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында 6 зауыт пен фабрика бой көтереді. Бұл туралы қала әкімі Алтай Көлгінов мәлімдеді.

«Елорда қарқынды дамып келеді. Қалада құрылыс материалдарына сұраныс жоғары. Инвестициялар мәселелері жөніндегі кезекті өңірлік үйлестіру кеңесінде 6 зауыт пен фабрика құрылысы мақұлданды. Мысалы, кірпіш зауыттың салу, темір-бетон бұйымдарын, кеспе тастар мен жиек тастарды, санфаянс пен керамиканы өндіру жобалары қаралып, қолдау тапты» деді әкім.

Зауыт жылына 120 млн дана кірпіш өндіруге қауқарлы. Мұнда газбен біркелкі күйдіру есебінен қатардағы және қапталған керамикалық кірпіш шығарылады. Жобаны іске асыру бағаны төмендетуге, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді және жұмыс барысы толығымен автоматтандырылады.

Сонымен қатар жұмсақ және корпустақ жиһаз, есіктер шығару жобасы бар. Жаңа жиһаз фабрикасында жылына 24 мыңға жуық жұмсақ және шкаф жиһаздарын өндіру көзделген. Ал есік шығаратын зауыт айына 2 мыңға дейін ішкі есіктер жиынтығын өндіреді. Инвесторлардың осы салада айтарлықтай тәжірибесі бар. Қолдау тапқан жобаларды жүзеге асыру 1 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға және ел экономикасына 50 млрд теңге тартуға мүмкіндік береді.

«Өткен жылы қалада 3 млн шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. 7 мыңнан аса әлеуметтік пәтер бой көтерді. Быыл бұл көрсеткішті 10 мыңға дейін ұлғайтамыз. Тиісінше, ішкі өндірістерді – қарапайым заттар экономикасын дамыту қажет. Отандық өндірушілерді, қала мен тұрғындар үшін қажетті жобаларды қолдау маңызды. Құрылыс индустриясының өндірісін кеңейту қажет. Әрбір жеке жоба жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді» деді Алтай Көлгінов.



БІЛІМНІҢ ЖЕҢІСІ – ЖЕТІСТІКТЕР ЖЕМІСІ

Елордада 16 ірі габаритті мектеп салынып, 40 мыңнан аса жаңа оқушы орны құрылады. Бұл туралы бас қала басшысы Алтай Көлгінов халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлерімен кездесу барысында мәлімдеді.

Биылғы оқу жылында елордалық оқушылар жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық деңгейде 400-ден аса, ал республикалық деңгейде 900-ге жуық медаль жеңіп алды.

«Елордада 190 мыңнан астам оқушы білім алатын 130 жалпы білім беру мекемесі бар. Адами капиталды дамыту және балаларымыздың одан әрі дамуы үшін жан-жақты жағдай жасау маңызды. Себебі қазіргі уақыт өте қызықты және бәсекеге толы. Бүгінгі заман өз елінің тағдыры үшін жауапкершілікті мойнына ала білетін, бәсекеге қабілетті, жігерлі, талантты, белсенді жастардың уақыты» деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Сонымен қатар 14 жыл бойы астана құрамасы жалпыкомандалық есепте 1-орынды иелініп, «Үздік команда» атанды.

– Мен «Junior» олимпиадасының 3-орын иегерімін. 9-сыныптың оқушысымын. Индет келгелі оқу бәрімізге оңай тимеді. Десе де, талпынсаң кез келген қиындықты ескеруге болады. Өзіңе сенімді болсаң, алға қойған мақсаттарыңды орындайсың. Болашақта математика мәнінің мұғалімі болып, шакірт тәрбиелегім келеді, – деді дарынды ер балаларға арналған білім-инновация лицейінің 8-сынып оқушысы Керімхан Әлбар.

Елордалық Нұрайым Сардар №48 мектеп-лицейінде 10-сыныпта оқиды. Биыл ағылшын тілінен өткен олимпиадада 2-орынды иемденген. Ол ағылшын тілінің арқасында



біраз асуларды еңсеретініне сенімді.

– Мен оқу бітіргеннен кейін қандай мамандықты таңдарымды әлі шешкен жоқпын. Дегенмен ағылшын тілін жақсы меңгергім келеді. Қазіргі уақытта деңгейім жаман емес. Осы ағылшын тілінің арқасында біраз мақсаттарымды орындау оңай болады деп ойлаймын. Осы сәтті пайдаланып өз ұстаздарыма алғыс білдіремін. Бүгінгі жетістігім – ұлағатты ұстаздарымның арқасы, – деді ол.

Биыл елордада 16 ірі габаритті мектеп салынады, осының нәтижесінде 40 мыңнан астам жаңа оқушы орны құрылады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. «Мектептерді салу мен жөндеуден бөлек, қосымша білім беруді дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Елордада техникалық шығармашылық орталығы («Теміржолшылар» ТМ),

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы көпбейінді қосымша білім беру орталығы ретінде жұмыс істейді. Осы қосымша білім беру орталықтарында робототехникамен, авиамоделдеумен, техникалық дизайнмен, көпөнермен, мотокросспен және т.б. айналысу үшін барлық жағдай жасалған» деді А.Көлгінов.

Сонымен қатар осы жылы жаңа Оқушылар сарайы ғимаратының құрылысы қарқын алады. Аула клубтарында балалардың қосымша білім алуына мүмкіндік бар. Жалпы астанада үш мыңға жуық бала білім алатын 28 аула клубы жұмыс істейді.

Диана БАТЫРБЕК,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ҚҰРЛЫҚ ЧЕМПИОНДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бас қала басшысы Алтай Көлгінов бокстан Азия чемпиондарын қабылдап, мерейлі жеңісімен құттықтады. Спорт саңлақтарымен мақтанатынын жеткізіп, алдағы белестеріне сәттілік тіледі.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНА ҚАТЫС!

Астанада «Мерейлі отбасы-2021» ұлттық байқауының қалалық кезеңіне өтінімдер қабылдау жалғасуда. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев бастамашылық еткен байқау осымен жетінші рет ұйымдастырылып отыр.

Конкурстың мақсаты – отбасы институтын, адамгершілікті, некенің маңыздылығын насихаттау, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларға және қарт ата-аналарға қамқорлық көрсетуді насихаттау, қазақ отбасының оң нәтижесін нығайту. Додаға өздігімен өтініш беру арқылы қатысуға болады, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар ұсынған отбасылар қатысады.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өтінімдерді қабылдау 15 маусымда аяқталады. Елордада байқауға қатысушылардың саны жыл сайын артып келеді. 2018 жылы 51 от-

басы, ал 2019 жылы 63 отбасы өтініш берген. Конкурс екі кезеңде өткізіледі: аудандық және қалалық. Бірінші кезең аясында конкурста қатысу өтінімдерін аудандық әкімдіктердің комиссиялары қабылдайды. Материалдармен танысқаннан кейін аудандық комиссия 15-30 маусым аралығында жеңімпаздарды және қалалық кезеңге өтетін 2 отбасын анықтау үшін отырыс өткізеді.

Конкурста қатысу үшін өтінімдер PDF форматында merейliotbasu2021@mail.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады. Қатысу шарттары туралы толық ақпаратты төмендегі телефон нөмірлер арқылы біле аласыз: +7(777)010 40 42, +7(7172)55 67 08.

Нұр-Сұлтан қаласы халқының және жетінші сайланымның қалалық мәслихат депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары 2021 жылғы 10 маусымда 15:30 сағатта «Zoom» сервисінің бейне-конференцбайланыс платформасында «Нұр-Сұлтан қаласының жобалық көшесіне атау беру туралы» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізеді.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36, 55-66-37.».

Е. КАНАЛИМОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы

МӘСКЕУ

Ресейде демалыс құны күрт қымбаттады. Өткен жылмен салыстырғанда 36 пайызға өскен. Мамандар мұның екі себебі барын айтады. Біріншісі – рубльдің әлсіреуі, екіншісі себеп – жабық шекаралар. Көрші мемлекетте жергілікті жұрт арасында танымал туристік бағыт – Түркия және Египетпен арадағы әуе қатынасы уақытша тоқтатылған. Соның салдарынан ішкі туризмге сұраныс артқан. Сарапшылар егер шекаралар ашылмаса, тамызда жергілікті шипажайлардағы демалыс құны шарықтауы мүмкін деп топшылап отыр.



СТОКГОЛЬМ

Швецияда сатушысы жоқ дүкендердің саны 30-ға жетті. Мұндай орындарға әсіресе индет кезінде сұраныс артқан. Өйткені сауда нүктесіне бір уақытта ары кетсе 2 адам ғана кіре алады. Нысан күні-түні жұмыс істейді. Сатып алушы қажетті тауарды смартфоннан сканерлегенде, шотынан ақша шешіледі. Жоба авторлары ұрық деректері болмайтынын айтады. Өйткені бүкіл жерде камера орнатылған. Екіншіден, жүйеге сатып алушы туралы деректер енгізілген. Кейінгі 24 жылда Швецияның ауылды аймақтарында адам санының азаюына байланысты дүкендердің 28 пайызы жабылып қалған.

ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Нұр-Сұлтанда көшелер қазылып, жолдардың жөнделіп жатқанын көріп отырмыз. Газ құбырлары тартылуда. Аталған жұмыстар қашанға дейін жалғасатынын білгім келеді. Жұмыстардың қарқыны қалай? Ұзаққа созылып кеткен жоқ па?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қала тұрғындарының өмір сүру жағдайлығын арттыру үшін жолдарды салып, жөндеу маңызды. Елордадағы климаттық жағдайға байланысты абаттандыру және жол жұмыстарын жүргізу маусымдық қысқа. Жылыту маусымы 7 айға дейін созылады.

Биыл 115 көшені салып, жөндейміз. Өткен жылдағыдай қаланың ескі бөлігі мен елді мекендерге баса назар аударамыз. Жұмыстар қаланың барлық аудандарында жүргізіліп жатыр. Жол құрылысы бірден бірнеше көптепті тұрғын үй ке-

шендерінің тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мердігерлерге жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырдым. Сапасыз жөнделген не салынған жолдарды қабылдамаймыз. Мердігер өз есебінен қалпына келтіреді, бұдан басқа, жұмысқа немісқарайлы қарайтын компаниялармен келісімшарттарды тоқтатамыз.

Өткен жылы 170-тен астам көше жөндеді. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу саласында 4 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұржан ТАСТЕМИРОВ, елорда тұрғыны:

– Елордалық оқушылар мен колледж студенттері жазғы демалысында «Жасыл ел» жасағында жұмыс істей алады деп естідім. Жұмысқа орналасу үшін қайда бару керек? Жалақы мөлшері қанша? Бағдарламаның талаптарын толығырақ білгім келеді.

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Білім беру басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазина жауап береді:

– «Жасыл ел» әлеуметтік жастар жобасы аясында мектептер мен колледждердің 14-18 жастағы оқушылары биылғы 1 маусым – 10 тамыз аралығында жазғы кезеңде жұмыспен қамтылады. Көпбалалы, аз қамтылған отбасылар, ювеналдық полицияда есепте тұрған балалар және жетім балалар қатарынан 700-ге жуық жеткіншек қабылданады. Бағдарлама аясында мектептермен шарт жасалады, балалар

мектеп жанындағы учаскелерде жұмыс істейді, мектеп аумағын көгалдандырумен айналысады. Жоба бойынша әр балаға 60 мың теңге көлемінде ақшалай сыйақы қарастырылған.

Биыл балалар үшін жазғы демалыс ҚР БҒМ ұсынған «Қазақстан балалары – жазды құанышқа толтырайық» тақырыбымен ұйымдастырылады. 1-30 маусым аралығында Оқушылар сарайлары жанында жазғы демалыс академиясында, көркем және музыкалық мектептерде, техникалық және шығармашылық орталықтарда, «Арт тұмар» орталығында үйірмелермен секциялар ашылады.

АСТАНА АУДАНЫ

Алматы ауданында карантин талаптарын бұзған 2 мекеме жауапқа тартылды. Бірақ бірнеше мәрте ұсталса да, карантин талаптарын қасақана бұзатындар да азаймай тұр. Сол себепті бас шаһарда рейд жұмыстары күндіз де, түнде де күшейтілген түрде жүргізіліп жатыр.

Кеше мобильді топтар кәсіпкерлік нысандарды аралап, ереже бұзған мекемелердің жұмысын әшкереледі. Алматы ауданының Балқантау көшесінде орналасқан «Искендер» саунасы мен сыра пабында карантиндік талаптар сақталмаған. Аталмыш нысандардың шектеу шараларына қарамастан түн ортасына дейін жұмыс істегені белгілі болды. Жиналған материалдың бәрі

тиісті шаралар қабылдау үшін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына тапсырылды.

Жалпы қала бойынша бір түнде 4 мекеме әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Елорданың эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасы бойынша «қызыл» аймаққа енгеніне үш айға жуықтады. Қаладағы эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз.

ӨҢІР ӨМІРІ

Атырауда биоакустикалық клиника жұмыс істеуде. Бүгінде дейін орталықта 300-ден аса балаға медициналық көмек көрсетілді. Басым көпшілігінде жақсы нәтиже байқалды. Арасында сөйлеп кеткен балалар бар.

Орталықта аутизм, психикалық және сөйлеу қабілеті тежелген, сал дертіне, Даун синдромына шалдыққан, нейросенсорлық керендігі бар, эписиндром, сондай-ақ басқа да неврологиялық аурулары бар балаларға ем екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі – орталық жүйке жүйесінің қызметін дәрі-дәрмексіз қалпына келтіретін биоакустикалық ми түзету. Екіншісі – орталық жүйке жүйесі мен перифериялық жүйке жүйесін аппарат арқылы

емдейтін транскраниалды және трансвертебральды микрополяризация.

Клиниканың жетекшісі, тәжірибелі невролог дәрігер, ерекше баланың анасы Лаура Исаева бытыр «Әлеуметтік бағдарламалар мен инновация» қоры жүзеге асыратын «Жарқыра» бағдарламасынан пайызсыз несие алған. Сол қаржыға құрал-жабдық сатып алып, биоакустикалық ми түзету кабинетін ашып отыр.



galym_k1963@mail.ru

**Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ**

Әлем қауымдастығына дербес мемлекет болып қосылған елдің қатарынан қалмай дамуы, әлеммен ықпалдасуы бірінші кезекте сол мемлекеттің тізгінін ұстаған көшбасшыға байланысты болатыны ақиқат. Бұл ретте республика жұртшылығы өз таңдауын дұрыс жасай білді деуге негіз бар.

1991 жылдың 1 желтоқсан күні елдің тілегімен, халықтың қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаев егемен еліміздің тұңғыш президенті болып сайланды. Осы күннен бастап тәуелсіз мемлекетті басқару міндетін мойнына алған Елбасының саяси көрегенділігі, қиындыққа қарсы тұратын табандылығы таныла бастады.

Осындай өзінің тағдыры мен елінің тағдыры тоғысқан сындарлы кезеңде Нұрсұлтан Назарбаев: «Мен халқымның тәуекеліне сендім. Өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған осындай текті халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының пешенісіне бұйырмаған бақытты – тәуелсіз мемлекет құрудың бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық бақыт жоқ, осы жолда мен бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» деп жүрекжарды сөзін айтқан болатын. Міне, содан бері Елбасы халқына сеніп, ел-жұртына арқа сүйеп келеді. Халқы да Тұңғыш Президентіне деген сенімділігін жоғалтпай, оның бастаған баянды істерін қолдап жүр.

Стратегиялық тұрғыдан алсақ, саяси көрегенділігімен ерекшеленетін Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы тұсында алдымен ел шекарасын шегендеуді қолға алды. Көрші орналасқан Қытай мен Ресей сынды алып державалармен, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан секілді бұрыннан бауырлас, тәуелсіздігін енді қолға алған жас мемлекеттермен шекара сызығын анықтап, бекітіп алу оңайға соқпағаны ақиқат еді. Бұл ретте Н.Назарбаев елдің аумақтық тұтастығын сақтау үшін мемлекеттік шекараны халықаралық құқықтық нормаларға сай бекітіп, заңды түрде рәсімдеуге келгенде жанкештілікпен жұмыс жүргізді. Сол жанқиярлық жұмыстың нәтижесінде елімізде мемлекеттік шекараны қорғаудың жаңа технологиялары енгізіліп, шетелдіктердің кіріп-шығуын бақылауын біртұтас ақпараттық жүйе қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының шекаралары мен мемлекеттік егемендігін сақталуын қамтамасыз ететін берік платформа құрылды.

Жас мемлекетімізде кезек күттірмейтін өзекті проблеманың тағы бірі – Семей полигонының зардабы болатын. Міне, осы мәселені де Елбасы бірден қолға алды. Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық қару арсеналына ие болғанымен, Н.Назарбаев ұлт қауіпсіздігін алға шығарып, адамзатқа ажал әкелетін Семей полигонын жабуға тәуекел етті. Әлемнің алпауыт елдері басшыларымен, ірі халықаралық ұйымдармен тегеурінді жұмыс жүргізіп, соның нәтижесінде 1993 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ядролық қаруды таратпау жөніндегі Келісімді ратификациялады. Ал 1994 жылы Қазақстан МАГАТЭ мүшелігіне қабылданып, кепілдіктер туралы келісімге қол қойды. БҰҰ Семей полигонының жабылған күнін, яғни 29 тамызды «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» деп жарияланды. Н.Назарбаевтың осы бағыттағы жұмыстары Вашингтон саммитінде бағаланып, Елбасының «Әлем. XXI ғасыр. Ядролық қауіпсіздік» манифесін БҰҰ бүгінгі таңда өзінің негізгі құжатына айналдырып отыр.

Нұрсұлтан Әбішұлының ұтымды да ұтқыр басшылығымен ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік бағдарламалар қарқынды жүзеге асырылып, Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы беделі мен мәртебесі күн санап, жыл санап асқақтай түсті. Соның тағы бір айқын айғағы Қазақстанның ЕҚЫҰ ұйымына төраға болып саммит өткізіліп болды. Қазақстан беделі жағынан Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі орында тұрған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық міндетін абыроймен атқарып шықты. Қазақстан Еуропадағы 56 мемлекеттің атынан төрелік айтып, қауіп-қатерлерге толы 21-ғасырдағы өңірлік және әлемдік деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне айрықша әсер етті. Астанада өткен бұл саммит берекесі шашырап бара жатқан ұйымның жұмысына тың серпін берді. Қазақстан төраға ретінде ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекет



КЕМЕҢГЕР КӨШБАСШЫ

Тәуелсіздіктің таңы атып, ел болып егіліп, жұрт болып жұбанып, халық болып қуанған сәтімиз бүгінгі таңда түстей болып көрінеді. Шынын айтсақ, сол кезеңде әлем атты алып теңізге түскен Қазақстан атты кемеңгір ескегіңде қуаныш, екінші ескегіңе қиындық байланғандай еді. Қуанышымыз – тәуелсіз ел болғанымыз, дербес мемлекет атанғанымыз. Ал қиындығымыз – құлдыраған экономика, әлеуметтің әлсіреген жағдайы болатын. Алайда қазақ жұрты үшін еркіндік пен азаттық қуанышы бәрінен биік бақыт еді. Бұл кезең сол кезде уығын енді тігіп жатқан жас мемлекеттің халқы үшін де, елді басқарушылар үшін де орасан сынақ болғаны сөзсіз. Алайда осындай ауыр кезеңнен Қазақ елі біртіндеп аяғына тұрды. Уақыт бәріне сыншы демекші, биыл, міне, Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығын тойлағалы отырмыз. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен қазіргі кезеңнің айырмасы жер мен көктей. Бұл отыз жыл қазақ елі үшін алтын ғасырға бергісіз жылдар десек, қателеспейміз.

кеттердің сенімін толықтай ақтады. Мәселен, ЕҚЫҰ-ның төрағасы ретінде Қазақстан 2010 жылдың сәуірінде Қырғызстанда болған саяси жағдайды реттеуіне айрықша үлес қосты. Қазақстанның қабылдаған шараларының арқасында қырғыз елінде азаматтық соғысқа жол берілмеді, нәтижесінде ол елде құқықтық алаңда жұмыс істейтін билік жүйесі қалыптасты. Сонымен қатар әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы батыл да өміршең ұсыныстар айтылып, шешім жолдары айқындалды. Осылайша Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп қана қоймай, Астана саммитін өткізу арқылы әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қауіпсіздік бағдарын айқындады. Осы ел мерейін өсірген, Қазақстанның бейбітшілікке дәнекер ел екенін көрсеткен саммиттің басты ұйыт-

тамасын көтерді. Сөйтіп, алып құрлықтың үздік атлеттері спорттың 11 түрін жарысқа түсті. Бұл жарыстарды көруге 100 мыңға жуық турист келді. Қазақстан құрамасы командалық есепте тұңғыш рет бірінші орыннан көрінді. Нұрсұлтан Назарбаевтың тағы бір қыры – бейбітшілігі. Елбасы мемлекетті басқаруды бастаған күннен бастап елдегі бірлік пен келісімге, ұлтаралық және конфессиялық татулыққа ерекше мән берді және сол ұстанымынан ешқашан айнымай келеді. Сонымен қатар жер-жаһанды бейбітшілікке де аса мән беретін көшбасшы ретінде де танымал тұлға екенін дәлелдеп келеді. Соның айшықты айғағы – қазақ елінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын өткізуді дәстүрге айналдырғанын айтуға болады. Қазақстан бүгінде

шындық. Тамыры тереңде жатқан, екі түрлі ұлы құрлықтың мінезін тел еміп өскен жаңа тұрпатты жас мемлекеттің жаңағын өшіріп алмай, осы күнге аман жеткені үшін ата-бабаларымызға алғыс айтамыз. Сол аман жеткен елді, жерді жаңаша түрлендіріп, өз билігі өзіне тиген дербес мемлекет ретінде сақтай отырып, замана төріннен өз орнымызды алуға ұмтылу – сіз бен бізге сын. Менің ойымша, елге, Елбасыға жүктелер міндеттің ең ауыры мен қиыны – осы. Менің арқасүйерім – халықтың сенімі мен үміті» деп айтқан Нұрсұлтан Назарбаевтың ел ішіндегі бірлік пен ынтымаққа айрықша көңіл қойғанын айғақтаса керек.

Астана төрінде ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің өткені де Қазақстан еліне, оның Қошбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа көрсетіліп

мен қажыр-қайратымен тікелей байланысты екені сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарында жүзеге асқан ең ауқымды жобаның бірегейі, әрине, жаңа елорданың Астана болып отыр. Бұл, шынымен де, Елбасының саяси көрегенділігінің, нар тәуекелінің, қиындыққа қарсы тұра алатын қайсарлығының, мақсаткерлігі мен табандылығының жемісі. Сондықтан да жұртшылық «Елорда – Елбасының ерлігі» деп бағалайды.

Мемлекет басшысы Астана жайындағы өзінің бір сөзінде: «Жаңа астана тұрғызу идеясы менде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап пайда болған. Астаналарды көшіру кез келген мемлекеттің өмірінде әрдайым айрықша тарихи кезең болған. Жаңа астана салудың жарқын мысалы – АҚШ-тың бірінші президенті Джордж Вашингтонның

Бұл тарихи құбылыс қалай басталып еді... Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің ойындағы мақсаты мен мұратын 1994 жылы 6 шілде күні сол кездегі Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс жалпы отырысында жариялап жіберді. Әрине, бұл ұсыныс, бұл бастама алғашқыда көпшілік үшін күмәнді істей көрінген еді. Алайда Президенттің көрегенділігі мен табандылығы арқасында қос ғасырдың тоғысында қазақ елінің жаңа астанасы бой көтеретін болды. 1995 жылы 15 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» заң күші бар Жарлық шықты. Ал 1997 жылдың 10 желтоқсан күні Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып тағайындалды.

1998 жылдың 6 мамыр күні Ақмола қаласының атауы Астана болып аталды. Осы жылдың жазында жас елорданың халықаралық деңгейдегі тұсаукесері өтті. Осылайша, ұлы дала төсінде Астана атты әсем қаланың жұлдызы жарқырап жанды.

Алып құрылыс алаңына айналған астана күн санап адам танымастай өзгеріп, тек қана елордалық тұрғындардың мақтанышына айналып қоймай, бүкіл Қазақстан халқының көзайымы қуанышына айналды. Бірінен соң бірі бой түзген ғажайып ғимараттар, жаңа сая болатын саябақтар мен көздің көркін алатын көшелер мен көпірлер жас астанаға сен мен салтанат бере түсті.

Астана білім мен мәдениеттің де үлкен ордасына айналды. Жаңа заманның талабына қарай құрылған университеттер мен мектептер, өнер сарайлары мен концерт залдары, спорт кешендері халықаралық шаралардың ошағына айналып отыр. Қарап отырсақ, «Бәйтерек» монументі, «Ақорда» резиденциясы, Тәуелсіздік сарайы, «Хазірет Сұлтан» мешіті, «Астана Арена» стадионы, «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы және басқа да ғимараттар елордамыздың еңсесін көтеріп, қаланың сәулетінен қатар дәулетін де айшықтап тұрғанды.

Жақында астана тарихында елеулі оқиға аталып өтілді. Елорда халқының саны 1 000 000-ға жетті! Астана жастар қаласы деп те айтылады. Бұл – бүгінгі өмірдің шындығы. Астанаға арман қуып келіп жатқан жастардың қатары жыл санап көбейе түсуде.

Иә, тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған Қазақстан кемесі әлем мұхитында еркін әрі сенімді жүзіп келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті жер-жаһандағы барлық елдермен терезесі тең қарым-қатынас жасап, бейбітшілік пен татулықтың бесігіне айналған ел ретінде танылып отыр. Олай болса, Елбасымыз айтқандай, баршамыздың күні-түні ойлайтынымыз қазақ елінің тәуелсіздігі болсын! Мемлекеттің мықты болуына, елдің мерейлі болуына өлшеусіз еңбек сіңіріп келе жатқан кемеңгер көшбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арманы мен мақсатына арқау болған азамат жолымыз, бейбіт күніміз, берекелі өміріміз ұзағына сүйіндіргей.

Тоқсан ауыз сөзімді түйіндеп айтқанда, Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылық кемеңгерлігін көрмеу, сезінбеу, бағалау мүмкін емес.



қысы Нұрсұлтан Назарбаев болғанын алқалы жиынға қатысқан шетелдік қатысушылардың жылы пікірлерінен аңғардық. Қазақстан Азия тобы мемлекеттерінің атынан 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Бұл да елдің абыройымызды биікке көтергені мәлім.

Елдің дамуына, мерейінің өсуіне мәдениет пен спорттың да маңызды орын алатынын ерекше ескере білетін Елбасы Қазақстанның ірі халықаралық жарыстар өткізуге қабілетті екенін алға тартып, VII қысқы Азия ойындарын немесе Алматы мен астанада өткізу бас-

тырған сенім және құрмет болғанын сөзсіз. Көрме жұмысына 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Елбасының бастамасымен айналдырған екі-үш жылда елордада ЭКСПО қалашығы бой көтерді. Зәулім ғимараттар мен павильондарды, қазақ халқының қонақжайлығын шетелдік қонақтар жоғары бағалағанын талай естідік. Осы шара арқылы қазақ елі, оның елордасы төрткүл дүниеге тағы да таныла түсіп, абыройы асқақтады.

Осындай елің үшін мақтанатын, жұрттың үшін шаттанатын игі бастамалардың жүзеге асуы мемлекеттің тізгінін нық ұстаған Елбасымыздың саяси қайраткерлігі

нұсқауы бойынша жан баласы тұр-наны жерде салынған Вашингтон. Ресейде астана ауысуының екі ретінде де зор тарихи мәні бар еді. Біздің көріміз Қытай өз тарихында астанасын алты рет көшірген. 1923 жылы Түркия астанасы Ыстамбұлдан Анкараға көшірді.

Біздің жас тәуекел мемлекетіміздің түбегейлі мүдделері де астананы көшіруді талап етті» деп ағынан жарылып еді.

Иә, шынымен де мемлекеттің астанасын ауыстыру деген оңайға түсетін шаруа емес. Бұл тұтастай бір елдің тарихындағы орасан өзгеріс, саяси әрі әлеуметтік құбылыс десе де болады.

Кеше Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қаланың 2020 жылғы бюджетінің орындалуы қаралып, 2021 жылға арналған бюджет нақтыланды. Ономастика атаулары бекітілді. Сессияға қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қатысты. Сессия төрағасы Нұрлан Көпешов жиналғандарды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, отырыс әнұранмен ашылды.



amanzhol.kalzhan@mail.ru
Аманжол ҚАЛЖАНОВ

Елорданың былтырғы бюджетіне 696 млрд 940 млн теңге түсті. Жоспар 35 млрд 899 млн теңгеге асыра орындалды. Мұны баяндаған қалалық Қаржы басқармасының басшысы Әліби Жұмаев 31 миллиардты салық түсімдері қамтамасыз еткенін айтып өтті.

– 2020 жылғы бюджет шығыстары 658 миллиард 708 миллион теңгені немесе 98,9 пайызды құрады. Пайдаланылмаған қаражат – 7 миллиард 275 миллион теңге. Соның 86,9 пайызын немесе 6 миллиард 283 миллион Құрылыс басқармасы игермеді. Дене шынықтыру және спорт басқармасы 161 миллион теңгені, Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы 159 миллион теңгені, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы 85,6 миллион теңгені, Білім басқармасы 20 миллион теңгені игерген, – деді Ә.Жұмаев.

Елорданың 2020 жылғы бюджетін орындау тұрақты макроэкономикалық жағдайда жүргізілді. Осыны баяндаған қаланың Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпобиев бюджеттің атқарылуын тексеру қорытындысымен таныстырды.

– Былтыр астананың ішкі өңірлік өнімі 5 триллион теңгені құрады.

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУГЕ – ҚОСЫМША ҚАРЖЫ



Бұл көрсеткіш бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Алматы қаласы мен Атырау облысынан кейін үшінші орынды алып отыр. Ішкі өңірлік өнім 2019 жылмен салыстырғанда 4,5 пайызға өсіп, 4 миллион 384 мың теңгеге жетті. Шағын және орта бизнес субъектілері де 144 мыңға жетті. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 7,7 пайызға көп. Осының бәрі қаланың жеке табысының 26,6 пайызға артуына мүмкіндік беріп, бұл көрсеткіш 361,7 миллиард болды. Дағдарысқа қарсы шараларға 210,7 миллиард теңге бөлінді. Оның 206,4 миллиарды игерілді, – деді И. Ақпобиев.

Оның айтуынша, өткен жылы қаланы дамытуға 225,8 млрд теңге бөлінді. Соның 5,6 миллиарды игерілмеген. Соның ішінде Құрылыс басқармасы 5,4 миллиарды, Отын-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасы 159,9 миллионды, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы 22,4 миллион теңгені игере алмай қалды.

– Бюджеттің жалпы сомасының 33,9 пайызы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытуға, 13,7 пайызы көлік саласын, 13,7 пайызы энергетиканы, 6,8 пайызы білімді

өркендетуге бағытталды, – деген Тексеру комиссиясының төрағасы бюджетті орындаудағы кемшіліктерді де атап өтті.

Соның ішінде кейбір басқармалар республикалық бюджеттен бөлінген трансферттерді игере алмай, қайтаруға мәжбүр болды. Мұның жалпы сомасы 14,2 млрд теңгені құрады. Бұл қатарда Қоғамдық денсаулық сақтау, Білім, Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық, Құрылыс басқармалары бар. Бұған бюджетті дұрыс жоспарлауға әсер еткен.

– Бюджеттің орындалуына кредиторлық және дебиторлық қарыздар да кері әсерін тигізді. 2020 жылы дебиторлық қарыз 44,6 миллиард теңгені құрады. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,1 миллиард теңгеге көп. Бірақ бұл кемшіліктер Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тапсырмаларын уақытлы орындауға кедергі келтірмеді. Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың негізгі индикаторларына да әсерін тигізген жоқ, – деді И. Ақпобиев.

Алдында қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарында 2020 жылғы бюджет жан-жақты талқыланды. Осыған

мәслихат тарапынан сараптама жүргізілді. Оның қорытындысымен депутат Нұрлан Көпешов таныстырып, мәслихат тарапынан бюджетті жақсарту бойынша ұсыныстарды айтты.

Ал 2021 жылғы бюджеттен қосымша қаржыны қай салаларға бағыттау жоспарланып отырғанымен, қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев таныстырды.

– Қосымша қаржыны қалалық орта сапасын жақсартуға және елорда тұрғындарының әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағыттау жоспарланып отыр. Өткізілген талдау нәтижесінде жеке табыстар бойынша резервтер бары анықталды. Бұл жағдай жеке табыстар жоспарын 36,6 миллиард теңгеге көбейтіп, 388,2 миллиард теңгеге жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Соның ішінде әлеуметтік салаға 7,1 млрд теңге бөлінбек. Осылайша осы саланың жалпы шығыны 194 млрд теңгені немесе бюджеттің жалпы көлемінің 33 пайызын құрамақ, – деген баяндамашы нақты қандай басқармаларға, қандай жұмыстарға, қанша қосымша қаржы бөлінетінін атап өтті.

Қалалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабының жағдайын көтерді.

– Бұл алап тұрғындары үйлерінен шыға алмай отыр. Өйткені, манайдың бәрі қазылып тасталды. Осындай жағдай бірнеше жылға созылып кетті. Оның үстіне, қазір онда газдандыру жүргізіліп жатыр. Тұрғындар көптеген шағымдар түсірді. «Кирпичный» тұрғын алабындағы медициналық мекемені жөндеу бойынша да шағымдар бар. Оған 30 миллион теңге керек. Бұл қаржы бюджетке салынды ма? – деп сұрады депутат.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев «Кипичный» отбасылық-дәрігерлік амбулатория Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының балансында тұрғанын айта келе, жөндеу жұмыстарына аталмыш басқарма жауапты екенін жеткізді. Ол үшін конкурстық шаралар өткізілуі керек. Ал бұл жұмыс 2 ай жүргізіледі. Алдымен мердігерді анықтау керек.

– «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабындағы Есіл және Бұқтырма көшелерін жөндеуді биыл республикалық бюджеттен бөлінген

қаржы есебінен аяқтауды жоспарлап отырмыз. Ал Жайық және Ертіс көшелеріндегі инженерлік желілерге жауаптымыз. Оған қосымша 500 миллион теңге керек, – деді Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Жансұлтан Сапарбаев.

Қ.Маңқараевтың айтуынша, мәселе инженерлік желілерді салуға тіреліп тұр. Содан кейін жолдар салынады. Осы мәселені қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен түсіндірді.

– Қазылған жерлер бойынша жұмыс қалай болғанда да билік аяқталады. Тиісті тәртіп бар, алдымен инженерлік желілерді салу керек. Бірақ бізде кейде керісінше жүріп, алдымен асфальт төселеді. Апат туындаған жағдайда оны қайтадан бұзуға тура келеді. Бұлай болмауы керек. Жылдың аяғына мәселе әлі қаралады. Қосымша қаржы сонда бөлінуі тиіс, – деді Б.Мәкен.

Депутат Саят Батменов №2 гимназияны сүру мәселесін көтерді. Былтыр өткізілген тиісті зерттеу жұмыстарынан кейін осындай шешім шығарылған. Бұл мәселе де әлі қарастырылады.

Қалалық мәслихат депутаттары елорда көшелеріне Қазақстанның халық жазушысы Қалижан Бекхожиннің, мемлекет және қоғам қайраткері Әубәкір Тыныбаевтың, мемлекет қайраткері Ұзақбай Қарамановтың, Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияровтың, шығыс түркі қолбасшысы Күлттегінің, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың есімдерін беру, Күлттегі ораманы Биші қайың орамы деп қайта атау ұсыныстарын қолдады. Сондай-ақ №54 мектеп-лицейге белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақсерей Сейдімбектің, №86 мектеп-гимназияға ұлы жазушы, академик Мұхтар Әуезовтің, Мемлекеттік академиялық филармонияға көрнекті композитор, КСРО халық әртісі, ҚазақКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, профессор Еркеғали Рахмадиевтің есімдерін беруді мақұлдады. Бұл ұсыныстармен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев таныстырды.

– Лауазымдық қызметіңізге сәйкес институтта орындалатын ғылыми бағдарламалар мен жобаларды үйлестіресіз. Соның ішінде коронавирусқа қарсы вакцина технологиясын әзірлеу бағдарламасы туралы айтып берсеңіз.

– Елімізде коронавирус инфекциясының алғашқы жағдайы тіркелген бойда біздің институт ғалымдары осы індетке қарсы қолдан не келеді деген сұраққа жауап іздеді. Сөйтіп былтыр 23 наурызда Алматы қаласында ауырған адамнан биологиялық материал сынағын ала салысымен ауру қоздырғышқа қатысты ғылыми зерттеулермен айналысып кетті. Бұл жұмыстармен қатар ғалымдар 2020-2022 жылдарға арналған «COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы вакцинаны әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасын дайындап, сол бойынша жұмыстарды жоспарлады. Тауарлық белгісі «QazVac» болып табылатын «QazCovid-in» вакцинасы инактивтелген екпелер қатарына жатады. Оның технологиясын әзірлеу барысында құрамындағы вирустың зардабы инактивтенген жойылған және ағзаға енгенде иммунитетті күшейту мақсатында қосымша күш беретін адьювант қолданылған. Отандық вакцинаның басқа шетелдік препараттардан ерекшелігі - оның қауіпсіздігі мен тиімділігінің дәрежесі салыстырмалы түрде алғанда жоғары болуында және біздің отандық вакцина 2° С-тан 8° С-қа дейін жететін температуралық режимде, жарық түспейтін жерде сақталып, тасымалдана береді. Бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру барысында институттың 200-ге жуық ғалымы мен ғылыми қызметкерлері уақытпен санаспай, халықтың денсаулығын сақтап қалу үшін індетке қарсы вакциналық препарат технологиясын әзірлеумен күндіз-түні айналысты.

– Осындай озық технологиямен жасалған екепке неге кейбіреулер әлі де сенбейді?

– Бүгінгі ақпараттық технологияның қарқынды дамыған заманында ғаламтор жүйесінде, әсіресе әлеуметтік желілерде тексерілмеген, бейресми, біреуден біреу көшіріп жіберетін вакцина құрамы мен жағымсыз әсерлері туралы жалған қауесеттер көп.

– Бүгінгі ақпараттық технологияның қарқынды дамыған заманында ғаламтор жүйесінде, әсіресе әлеуметтік желілерде тексерілмеген, бейресми, біреуден біреу көшіріп жіберетін вакцина құрамы мен жағымсыз әсерлері туралы жалған қауесеттер көп.

– Бүгінгі ақпараттық технологияның қарқынды дамыған заманында ғаламтор жүйесінде, әсіресе әлеуметтік желілерде тексерілмеген, бейресми, біреуден біреу көшіріп жіберетін вакцина құрамы мен жағымсыз әсерлері туралы жалған қауесеттер көп.



ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ӨНІМІ – ОТАНДЫҚ ЕКПЕ

Вакцина технологиясын жүзеге асыру кезінде Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ұзақ жылғы ғылыми зерттеулер нәтижесінде қол жеткізілген озық тәжірибені қолданды. Мұндай тәжірибе көптеген елдердің биотехнология саласында бар. Екпе жайлы өзгеден емес, оны жасаған саланың өз маманынан сұрау үшін ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, аталған институттың бас ғалым хатшысы Хайрулла АБЕУОВТИ сөзге тарттық.

Шынымен де халық кімге сенерін білмей әбігерге түскен кез болды, қазір соған бір тосқауыл қоятын уақыт келді. Негізінде халық ел үкіметі мен министрліктер тарапынан тарататын ресми дәлелді, уағдай ақпаратқа сенгені жөн.

– **Қазір ең көп айтылатын қауесет – екіпке беделікке әкеледі деген сөз...**

– Бұл да – тексерілмеген қауесет, ақпар. Ешқандай екіпке беделікке әкеліп соқтырмайды. Ол айдан анық нәрсе. Кез келген індетпен, вирустық инфекциямен күресудің ең сенімді жолы вакцинация екені көзі ашық адамға түсінікті жайт. Қазіргі пандемия жағдайында бұл мәселенің маңыздылығы артып отыр. Сондықтан «QazVac» вакцинасын шығару – отандық ғылымның жетістігі әрі мемлекет үшін саяси мағынасы жоғары деп түсіну қажет. Өйткені вакцинаны қолдану арқылы әр мемлекет өз халқының саны мен оның денсаулығын сақтап қалады.

– **Институтта қолданыстағы вакцинадан басқа да отандық екпелер дайындалып жатыр, олардың бұрынғыдан айырмашылығы неде?**

– «QazVac» – отандық инактивтелген вакцина, бұдан басқа жоғарыда аталған ҒТБ шеңберінде тағы 4 вакцинаны әзірлеу технологиясын жасап шығару жоспарланып отыр, оның біреуі – суббірліктік вакцина, екеуі – векторлық вакцина

және соңғысы аттенуирленген тірі вакцина.

– **Осындай алмағайып заманда жұмыс жүктемесі де, жауапкершілігі де көбейген институт қызметкерлерінің жағдайы өз деңгейінде жасалып отыр ма?**


– Иә, институт қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы біршама жақсарды. Олардың орташа жалақысының көлемі жоғарылады, сонымен қатар институт қызметкерлеріне арнап 60 пәтерлік 3 үй және спорт

сауықтыру кешені салынып жатыр.

– **Жаңадан салынып жатқан вакцина өндіретін зауыттың қуаты қандай болмақ?**

– GMP халықаралық стандарттарына сәйкес жаңадан салынып жатқан биологиялық препараттарды өндіру бойынша биофарм зауыты толық іске қосылғанда оның қуаты жылына жылына 30-60 млн доза вакцина өндіруге жетеді.

– **Елдің бұрынғы қалыптасқан өмірге қайта оралуына мүмкіндік**



“
Отандық вакцинаның басқа шетелдік препараттардан ерекшелігі - оның қауіпсіздігі мен тиімділігінің дәрежесі салыстырмалы түрде алғанда жоғары болуында және біздің отандық вакцина 2° С-тан 8° С-қа дейін жететін температуралық режимде, жарық түспейтін жерде сақталып, тасымалдана береді

беретін ұжымдық иммунитет қашан қалыптасуы мүмкін?

– ДДҰ мәлімдемесі бойынша әр мемлекет халқының арасында коронавирус инфекциясына қарсы иммунитеттің деңгейі 70 және одан жоғары пайыз көрсеткішіне

жеткенде ұжымдық иммунитет пайда болады.

– **Отандық екпеден кейін антидене қанша уақыт бойымызда жүреді, тағы егу керек пе? Оны еге беру зиян емес пе?**

– Екпені салдырғаннан кейін коронавирусқа қарсы антиденелер деңгейін белгілі бір кезеңдер арасында тексеріп, анықтап отыру керек. Олардың деңгейі тиісті мөлшерден төмендеген жағдайда ревакцинация жүргізілген дұрыс және қайта салдырғанмен, вакцинаның адам ағзасына жағымсыз әсері болмайды.

– **Болашақта балаларға да осы дертке қарсы екпе салынуы мүмкін бе?**

– Иә, мүмкін. Ол үшін қосымша клиникалық сынақтар нәтижесі негізге алыну керек.

– **Індет келгелі ғана елімізде вирусолог мамандар жоқ деп дабыл қағып жатырмыз. Оларды енді қалай дайындау үлгереміз?**

– Пандемия кезінде вирусологтардың тапшылығы шынымен көрініп қалды, өкінішке қарай, мамандандырылған вирусолог мамандар республикамыздың бірде-бір жоғары оқу орны дайындамайды. Осыны ескере отырып, институт басшылығының бастамасымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Вирусология» мамандығын дайындау мақсатында жоғары білімнен кейінгі магистратура және докторантура ашу жөніндегі өзара ынталықтастық туралы Меморандумға екі тараптың басшылары өткен жылдың 9 қарашасында қол қойып бекітті. Аталған меморандумның негізінде ЖОО-дан кейінгі білім беру бағдарламалары шеңберінде магистратура және PhD докторантура арқылы «Вирусология» мамандығы бойынша кадрлар даярлау ғылыми-білім беру консорциумын құру туралы институт пен университет арасында Консорциалды келісімшарт жасалды. Қазіргі кезде магистратура және докторантураның мемлекеттік тізбесіне енгізу үшін аталған мамандық бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, ҚР БҒМ ресми базасына тиісті құжаттар ұсыну бағытында екі тараптан да қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ЖОСПАРҒА ЕНБЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ДЕ БІЗДІҢ НАЗАРЫМЫЗДА



– Нұрбол Төлегенұлы, қызметке кіріскеніңізге жылдан асып барады. Осы уақыт ішінде ауданда қандай оң өзгерістер болды? Ең алдымен қандай өзекті мәселелерге назар аудардыңыз?

– Айта кету керек, ауданымыздың халқы жыл сайын артып келеді. Өткен жылдың басында ауданда 229 мың тұрғын болса, бүгінгі таңда 240 мыңға жетті, халық саны 11 мың адамға өскен. Ең алдымен тұрғындардың жағдайына назар аударамыз. Халыққа қолайлы қала тұрғызуға бар күшімізді саламыз.

Өткен жылы 71,2 млрд теңгелік инвестициялар игерілді, жергілікті бюджетке салық түсімдері 36,5 млрд теңгеге, ал құрылыс жұмыстарының көлемі 43,7 млрд теңгеге өсті. Бір жылда 102 мың шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілді.

Халықпен үнемі байланыстамыз. Өткен жылы тұрғындардан 28 мыңнан аса өтініш түсті, басым бөлігі оң шешім тапты. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, аумақты абаттандыру, ПИК жұмысы, ескі ғимараттарды жөндеу сынды әлеуметтік маңызға ие мәселелер қаралды. Қаржыландыруды талап ететін мәселелер де болды, олар біздің бақылауымызда, алдағы уақытта шешілуі мүмкін.

Жалпы келіп түскен барлық өтініштер бойынша уақытлы шаралар қабылданып, түсініктемелер берілді.

Айта кету керек, ауданда барлығы 237 аула бар. Өткен жылы 53 аула мен 14 қоғамдық кеңістік абаттандырылды, биыл 5 қоғамдық кеңістік пен 50 ауланы абаттандыруды жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар тұрғындардың түнгі уақытта қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жарықтандыруға айрықша көңіл бөлінеді.

Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты 7784 дана жарық нүктелеріне қызмет көрсетеді (соның ішінде көше жарықшамдары – 4121 дана, саябақта – 2565 дана, орамшеші – 1101 дана).

Осы мақсатта өткен жылы ауданның 75 көшесінде 4400 дана шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. «Өндіріс» тұрғын алабында 25 көше, 410 дана, «Кирпичный» тұрғын алабында 15 көше, 350 дана, «Казгородок» тұрғын алабында 8 көшеде шамдар ауыстырылды.

Сондай-ақ бұрын көше жарығы болмаған 35 көшеде жарықтандыру құралдарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. 2004 жылдан бері жарықсыз келген «Қоянды» саяжай алабының мәселесі шешілді.

– Жарықдиодты шамдарға ауыстырудың пайдасы қандай?

– Бюджет қаражатын 50 пайызға үнемдеуге мүмкіндік береді (шамның қарапайым ЖҚВ 1 дана

“

Өткен жылы 71,2 млрд теңгелік инвестициялар игерілді, жергілікті бюджетке салық түсімдері 36,5 млрд теңгеге, ал құрылыс жұмыстарының көлемі 43,7 млрд теңгеге өсті. Бір жылда 102 мың шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілді

сағатына 250-300 Вт электр энергиясын тұтынады, ал жарықдиодты шам сағатына 150 Вт электр энергиясын тұтынады);

– Көше жарығының жарықдиодты шамдарын орнату трансформаторларға жүктемесін азайтады;

– Жарықдиодты шамдарға өндірілуі 5 жылға кепілдік береді.

Осындай артықшылықтарды ескере отырып, биыл көшелер мен аула ішіндегі аумақтарды жарықтандыру мәселесін толық шешеміз.

– Ауданда су астында қалуы мүмкін 12 учаскеде 453 тұрғын үй бар. Көктем мен күз айларында көшелерді су басып, тұрғындарды әбден әбденге салады. Осы нөсер көрізі мәселелері қалай шешіледі?

– Аудан бойынша су басу қаупі бар 12 нысан болса, бүгінде оның 7-еуінде оң өзгерістер бар. Кеншілер, Шыңғырлау, Арқарлы, Майтөбе, Жолымбет, Тайбурыл, Жетісай көшелерінде апаттың алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы ұзындығы 1600 п.м. арық-науа желісін орнату жұмыстары аяқталды. 2021 жылы 1300 арық-науа желісі салынады. Нәтижесінде Төңкеріс, Шортанды, Шыңғырлау, Сарыжайлау, Сусамыр, Сүгірәліұлы көшелерінде апаттың алдын алу жұмыстары жүргізілді.

– «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес апатты үйлерді сүру бойынша жұмыстар жалғасын табады. Апатты үйлерді сүрудің II кезеңі шеңберінде 5 үй

Елорданың Байқоңыр ауданына биыл 3 жыл. Өткен жылдың басында ауданда 229 мың тұрғын болса, бүгінде көрсеткіш 11 мыңға өскен. Тұрғындар санының артуы келелі істердің атқарылуын талап етеді. Өткен жылы ауданға жаңа әкім тағайындалғанын білеміз. «Халықтан асқан сыншы жоқ» деген нақыл бар. Әрбір істің жай-жапсарын, атқарылу деңгейін, алдағы бағыт-бағдарды бағамдауда ел лайықты бағасын береді. Дегенмен қызметіне кіріскеніне 1 жылдан асқан Нұрбол ТӨЛЕГЕНҰЛЫ халқының тыныс-тіршілігін қаншалықты меңгеріп, елдік мүдде жолында нендей жұмыстарды атқарып жатқанын өзінен сұрауды жөн көрдік.

жоспарға енгізілді, нәтижесінде 355 тұрғын жаңа үйге көшеді. 2021 жылы: Янушкевич көшесі, 12-үй жатақханасы – 149 пәтер; Янушкевич көшесі, 12/1-үй жатақханасы – 184 пәтер; 2022 жылы: Янушкевич көшесі, 10/2-үй жатақханасы – 8 пәтер; Янушкевич көшесі, 10/3-үй жатақханасы – 8 пәтер; Сейфуллин көшесі, 54/2-үй жатақханасы – 6 пәтер.

– Ауданда жол, аялдамаларды қалпына келтіру, жұмыстары қалай жүзеге асуда? Биыл қала инфрақұрылымын жақсарту және қалалықтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін қандай жобалар жоспарланды?

– Ауданымызда 219 шақырым құрайтын 216 көше бар. Бүгінде 139 көшеге тас асфальт жабындысы төселген, 79-ында тас жабындысы жоқ. Биыл 24 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған, оның ішінде орталық қала маңында жалпы ұзындығы 9 шақырым құрайтын 11 көше, тұрғын алаптарда ұзындығы 4 шақырым болатын 13 көше қарастырылды. Олар Иманов, Сырдария, Циолковский-Жұбанов қосылымы, Жетіген, Бараев-Республика орамдары, Брусиловский-Жұбанов қосылымы, Чичерин, Торайғыров, Иманбаева, Пушкин, Жұбанов көшелері; Үшқоңыр, Тайбурыл, Игілік, Кеншілер, Малахов, Найзатас, Үстірт, Сарыжайлау, Тасқұдық, Шонанұлы, Арқарлы, Ойыл, Қамысты көшелері. Дегенмен жоспарда қарастырылмаған көшелер де назардан тыс қалмайды.

Сонымен қатар ағымдағы жылдан бастап аудан әкімдігі аялдамаларды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын өз қызыреттілігіне алған. Ауданымызда 156 аялдама орналасқан. Қазіргі таңда қалалық урбанистика бөлімімен бірлесіп, аялдамалардың жаңа көрінісін әзірлеп жатырмыз. Мәселен, аялдамалар осыған дейін қолданылмаған ерекше түстерге боялды. Жалпы елордамызда биыл 40-қа жуық жылы аялдама орнату жоспарланған, ал ауданымызда 10 жылы аялдама пайда болады.

– Электр беру желілерінің тұрғын үйлерге жақын орналасуы – аудандағы тағы бір күрделі мәселе. Бұл жағдайда сәулетпен деңгейі қалыпты межеден асып түседі, тұрғындардың денсаулығына өте қауіпті, тіпті онкологиялық ауруларға шалдықтырады деп отыр мамандар. Айттыңызшы, бұл мәселе бақылауыңызда ма?

– Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы аудан аумағында электромагниттік толқындарды тексеруде тоқсан сайын мониторинг жүргізеді. Сондықтан ешқандай қауіп жоқ деп айтуға болады.

– 40 мың тұрғыны бар «Өндіріс» тұрғын алабының жергілікті тұрғындарын алаңдатқан мәселелердің бірі – жол жөндеу. Мәселен, теміржол өткеліне көпір қажеттігі туындап отыр. Аудан тұрғындарының өмірі үшін қауіпті жер. Себебі көлік кептелісі осы жерде көп болады. Сосын Көкшетау таскөлінің елордамызға кіреберісінде бір ғана жолақ жол бар. Бұл жерде де кептеліс. Басқа Қарағанды, Қорғалжын таскөлі-дарында 6 жолақтан. Бұл мәселе қашан шешімін табады?

– Қаланың құрылысы, жол тараптық шешімдері Нұр-Сұлтан қаласының бас жоспарына сай жүргізіледі. Қазіргі таңда ортақ қолданыстағы қаланың бас жоспары сызбасына жүгінетін болсақ, Көкшетау-Нұр-Сұлтан таскөлінен «Өндіріс» тұрғын алабына қарай беттеген жол бойынша толық қызыл сызықтары ұсынылған. Алайда іске асыру жоспары әлде де бекітілмеген. Алдағы уақытта аудан әкімдігі атынан бұл мәселені шешуге де атсалысатын боламыз.

– Өндіріс шағын және орта бизнесті дамыту үшін қандай жобалар қарастырылған?

– Өте орынды сұрақ. Экономикамыздың басты қозғалтқышы – шағын және орта бизнес. Бұл бағытта Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен «Көше саудасына арналған 1000 орын» бағдарламасы әзірленген. Бағдарлама аясында ШОБ субъекттеріне көкөністер және жеміс-жидек, фаст-фуд, гүл дүңгіршегі, газет дүңгіршегі, мобильді-техникалық қызмет, балмұздақ және сусындар, шұжық және нан өнімдері нысанның мақсаттары бойынша жер телімі жалға беріледі. Бүгінде Байқоңыр ауданы бойынша ШОБ субъекттерімен жер телімдерін жалға алу бойынша 104 келісім шарт жасалды. Бұл жұмыс одан әрі жалғасын табады.

– Ауданда күн сайынғы рейд барысында кәсіпкерлік нысандардың карантин талаптарын сақтамайтыны анықталып отыр. Тәртіпке көнбей жатқан кімдер? Мекеме басшылары ма, әлде халық па?

– Ауданымызда карантин талаптарын сақтау бойынша мобильді топ жұмыс істейді. Жыл басынан 159 карантин талаптарын бұзу фактілері тіркелді, аталған фактілер бойынша 15 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп отырып, «Ашық» қосымшасын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бизнес өкілдері арасында түсіндірме жұмыстарын іске асырдық. Нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда карантин талаптарын бұзу фактілері екі есеге қысқарды.



“

5 аула клубы ашылды. Жастар бос уақытын пайдалы өткізу үшін жалпы 12 аула клубы жұмыс істеуде. Ол айына 900-1300 баланы тегін қабылдайды. Алайда өткен жылы індеттің өршуіне қарай кейбір аула клубтарының қызметі уақытша тоқтатылып, оған баратын балалар саны 250-300-ге дейін төмендеді. Десе де қазіргі күні аула клубтарының жұмысын жандандырып жатырмыз

– Ал бұқаралық спортқа қаншалықты көңіл бөлініп отыр?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы халыққа Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға қатысты бірқатар тапсырмалар берді. Бұқаралық спортты дамыту, оны әр тұрғын үшін қолжетімді ету – біздің басты бағыттарымыздың бірі.

Аудан құрылғалы 207 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, 5 аула клубы ашылды. Жастар бос уақытын пайдалы өткізу үшін жалпы 12 аула клубы жұмыс істеуде. Ол айына 900-1300 баланы тегін қабылдайды. Алайда өткен жылы індеттің өршуіне қарай кейбір аула клубтарының қызметі уақытша тоқтатылып, оған баратын балалар саны 250-300-ге дейін төмендеді. Десе де қазіргі күні аула клубтарының жұмысын жандандырып жатырмыз.

Сонымен қатар ауданымызда 64 футбол алаңы, 13 баскетбол алаңы, 300-ден аса жаттығу құрал-жабдықтары, 51 тренажер алаңы мен 18 workout спорт алаңы бар. Аталған жерлерде тұрғындардың спортпен айналысуына бар жағдай жасалған. Осы және басқа да іс-шаралар жалғасын табады. Жоспарда бірқатар ірі жобалар мен бастамалар бар. Әрине, бәрі – уақыттың еншісінде.

Сұхбаттасқан
Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ

ШЫНЫҚҚАН ШЫМЫР БОЛАДЫ

Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Нұр-Сұлтан қаласында «Замандас 21» отбасылық аула клубында үйірмелердің түр-түрі бар. Клубта көпбалалы және аз қамтылған отбасының балалары тегін қосымша білім алып, шығармашылық және физикалық қабілетін жетілдіреді.

Замандас аула клубының ашылғанына 10 жыл болды. Мен 7 жыл осы отбасылық аула клубында жас жеткіншектермен бірге жұмыс істеп келемін. Негізінде, қаратә – қарусыз қорғандың бір түрі, қол және аяқпен қарсылас денесінің неғұрлым осал тұсына соққы беруге негізделген. Киокушинкай қаратә спортына қазіргі таңда жас жеткіншектердің қызығушылықтары басым. «Замандас 21» аула клубында жүзден аса тәрбиеленушіні жаттықтырамын. Олардың жасы

– 6 мен 16 жас аралығында. Жас ерекшеліктеріне қарай жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Кейбір балалардың бойынан жаттығу жұмыстары кезінде өздерінің қызығушылықтарын да байқаймын. Мұның барлығы баланың күш-жігері қайраттанған, намысшыл, ер мінезді болып өсуі үшін қажет. Олардың басты қызығушылығы – жеңіске деген құштарлық. Балалар бірден әдемі әрі дұрыс қаратә қимылдарын жасай қоймайды. Олардың көңілдерін түсірмей, қолдап отырамын.



Менің басты мақсатым – чемпион тәрбиелеу. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін маған және шәкірттеріме қандай күш жұмсау керек екендігін елестету мен үшін қиын болатын. Бірақ біз ата-анамен, балалармен біріге отырып, бұл қиындықты еңсере білдік. Қазіргі таңда шәкірттерім әлем чемпионатына дейін бақ сынап жүр. Нәтижесі де жаман емес. Атап айтсам, 2 шәкіртім Алдияр Гайса мен Диана Баттала қаратә-до киокушинкай-дан Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер. Биыл сәуір айында тәрбиеленушілеріміз Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасының киокушинкай будокай қаратәден 6-7 жас аралығында Ералы Айтұар, 10-11 жас аралығында Әли Серікбаев, 10-11 жас ауыр салмақ дәрежесінде

Фархат Қуандық, 12-13 жас қыздар арасында Диана Баттала, 14-15 жас аралығында Алдияр Гайса, 12-13 аралығында Марлен Плуебек Қазақстан Республикасының чемпиондары атанды.

«Замандас 21» клубының директоры Ләззат Алшынованың қажырлы еңбегінің арқасында аула клубымыз 10 жылдың ішінде көптеген чемпиондарды шығарды. Балалар басқа қалаларға шығып, жарыстарға қатысып, тәжірибе жинай алады. «Шынықсаң – шымыр боласың» деген қағиданы ұстанып, аптасына үш рет жаттығу жүргізіледі. Себебі елді күні ертең ілгері апаратын – сауағатты, білімді, дені сау ұрпақтарымыз.

Дастан ЖАЛҒАСБАЕВ,
жаттықтырушы



karqynktem@gmail.com
Көктем ҚАРҚЫН

Ақпан айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың наурыз-шілдесінде және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскерге шақыру туралы Жарлыққа қол қойды. Науқан басталды. Дегенмен әскери борышын өтегісі келмейтін, одан қалай да болсын жалтарудың амалын табатын жастар көбейіп барады. Олар әскери жүйеден қорқа ма? Жоқ, әскерге деген сенімсіздік басым ба?

БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ НЕГЕ СҮЛЕСОҚ?

Жақында әлеуметтік желіден Азамат Ақылбаев есімді оқирманның «Астана қаласының тұрғынымын. 2 жылдан кейін 18-ге толамын. Армияға бармау үшін не істеуім керек?» деп жанұшыра жазған жазбасын көзім шалып қалды. Көпшілік үшін бұл жаға ұстататын жаңалық емес. Әрбіріміздің айналамызда дәл Азамат сияқты әскерге бармаудың қарекетін ерте бастан жасап, борышын өтеуден бұлттарып жүрген жігіттер жетерлік. Бұрындары тілдей қағазға келмегендерді білдей сардарлар үй-үйді аралап кезіп, тапқандарын тыпыршығанына қарамай әкететін. Бірақ адамнан қулық артылған ба? Кейбір пысықтар тұрақты тіркеуін өзгертіп немесе денсаулығы жарамайтынын растайтын қағаз сатып алып, әскерге бармау үшін бәрін жасайтын. Қазір тәртіп өзгерген. Әскерге шақыруды елемей, медициналық тексеруден өтуге келмеген жігіттерге 1000 айлық есептік көрсеткіш айыппұл салынады. Кейін қайда барсаң да осы қағаз алдыңнан шығып тұрады. Тірлігің тынбай, шетелге де шыға алмайсың. Ол аз десеңіз, денсаулығына қасақана қысым келтіріп, өтірік анықтама жасап алатындарға 3000 айлық есептік көрсеткіш айыппұл салынады. Ал кей жағдайда қылмыстық іс қозғалып, әскерден қашқан азамат 3 жылға абақтыға қамалуы мүмкін.

Еліміз бойынша осы көктемде 17 мың азаматты әскерге аттандыру жоспарланған. Соның ішінде елорданың енішінде – 800 сарбаз. Осы сегіз жүзді жасақтау үшін әскер жасындағы сегіз мың азаматты медициналық сараптамадан өткізіп, жігіт бағалап, жарамдысын жөнелтпек. Қазір әскерге бармай қалу деген өңгіме жоқ. Жауапкершіліктен қалтарғандар жазаға тартылады.

– Пандемия жағдайын ескеріп, шақырушыларға смс-хабарлар жіберіп жатырмыз. Борышынан қашқандарға қазір 8 миллионға дейін айыппұл салынатын болды. Бұл да қашатын жігіттердің көбінің аяғына тұсау салды. Әскерге бармай 1 жыл осыншама миллион төлегенше, барып шындалып қайтқандары жақсы емес пе? – деді полковник Ғани Артықов.

Мемлекет жігіттерімізге «барсаң да, бармасаң да баруың керек» деп міндеттеп отырған жоқ. Егер шынымен де отбасылық жағдайы келмесе, темірдей қатты әскери тәртіп те борышкердің мүмкіндіктер ескеріледі. Жоғары оқу орнының күндізгі бөлімінде оқитын студенттер оқуын аяқтағанына әскерге бармайды. Одан кейін міндеттеледі. Әскерден үйленген, 1 баласы бар азаматтар мен денсаулығы жарамсыз азаматтар босатылады. Ал бір жылын әскерге жұмсағысы жоқтарға 263318 теңге төлеп, 40 күндік даярлықтан өтуге мүмкіндік қаралған. Соңғы 8 жылда 50 мыңнан аса азамат әскери өмірдің дәмін татыпты-мыс.

– Жігіттердің көбінің басында несие бар. Содан қорқады. Несиелеріне пайыздық үстеме көп қосылып кете ме деп алаңдайды. Мұндай жағдайда біз банкке хат жазып, үзіліс беруді сұраймыз. Ал отбасындағы жағдайы нашар болса, түрлі әлеуметтік топқа жататын болса, баласы үйдің асыраушысы болса, оларды бірден әскерге алып кетпейміз, жағдайына қараймыз, – дейді полковник Гаухар Сырлыбаева.

КӨЗІНЕН НҮР ТАЙҒАНДАР КӨБЕЙГЕН

Дәрігерлердің дерегінше, бүгінде әскерге шақырылғандардың тең жартысының денсаулығы дімкәс. Бұрындары майтабан, белдің қисаюы



ӘСКЕРДЕН ЖАСТАР НЕГЕ ЖАЛТАРАДЫ?

Ақтамберді жыраудың «Батырмын» деп кім айтпас, барарға жүрек шыдамас» деген сөзі бүгінге дөп басып айтылғандай. Жылына әскерге шақыру екі-ақ рет келеді: бірі көктемде, бірі күзде. Қазір сол науқан басталып та кетті. Әскери комиссия соқталдай жігіттерге бір тілім қағаз беріп «Келіп медициналық комиссиядан өт, денсаулығың дімкәс болмаса әкетеміз» деп шақырып жатыр. Бұрын да солай еді, бүгін де сол қарекет. Бірақ неге екенін қайдан, жас азаматтарға әскерге әкетеміз десе, ақтық сапарға апарамыз дегендей қашады. Соңғы кезде әскери борышын ерікті өтеушілердің қатары азайған. Жастардың дені жалтарып, түрлі сылтаулар мен бармаудың жолын табады. Өйткені борышкерлердің көбі әскерге баруды текке уақыт өткізу деп есептейді. Ең қызығы, жастардың 25 пайызы әскерге жарамсыз, көбінің мойнында несие бар.

сынды ауыру белгілері белең алса, қазір көбінің көру қабілеті кеміген.

– Биыл 2004 жылы туған балаларды әскери тіркеуге алдық. Статистикаға қарасақ, көбінің көру қабілеті күрт нашарлап кеткен. Компьютер мен телефонға түнімен қарайды. Сондықтан көру қабілеттері біртіндеп азаяды. Жас жігіттердің денсаулығында түрлі аурулар да көп кездеседі. Балалардың денсаулығы нашарлап барады. Бел-омыртқа жарығы, остеохондроз, сондай-ақ семіздік көбейіп жатыр. Ондай жағдайда біз емделіп келуге уақыт береміз. Сосын асқазан-ішек ауруын да атар едім. Ол дұрыс тамақтанбаудан деп санаймын. Әскерге барамыз деп ұмтылып тұрған жігіттер денсаулығы нашар болғандықтан қалып қойып жатады. Ондай жағдайда әскерге жарамсыз деген әскери билетті береміз. Жігіттердің шамамен 20-25 пайызы әскерге жарамсыз, – дейді әскерге шақыру медкомиссиясының төрағасы Ермек Ержанов.

Үлкендер «әскер – өмір мектебі» деп жатады. Мәжіліс депутаты Файзолла Каменовтің айтуынша, әскерге бару әрбір қазақстандық азамат үшін абыройлы міндетке айналуы тиіс.

– Біздің заманымызда жігіттер әскерге бармаса, қыздар менсінбей тұрмысқа шықпайтын. Әскерден қашу деген өңгіме болған емес. Ал біз бала күнімізден әскер болып ойнап өскен ұрпақпыз. Отан қорғау ұлы мақсаттарымыздың бірі болды. Кеңес Одағының кезінде әскерге шақыру идеологиясы да мықты еді. Заман өзгергенмен де, еліміздің Қарулы күштері, Ұлттық ұланы бар. Әскери міндетті өтеу мерзімі де 2 жылдан 1 жылға қысқарды. Қазір мектептерде кадет сыныптары ақсап тұр, әскери-патриоттық тәрбие беру жоқтың қасы. Балалар денсаулығының медициналық тексеруден өтпеуіне күнделікті

тұтынатын газды сусындар мен фаст-фудтардың да әсері бар. Соның бәрі денсаулықты құрғатады. Одан кейін балалар кішкентай кездерінен смартфонға шұқшып, көзінен айырылып жатыр. Бұл да қоғамымыздағы ең түйткілді мәселелердің бірі, – деді Файзолла Каменов.

БЕЙБІТ КҮНДЕГІ САРБАЗ ӨЛІМІ

Кейбір ата-ана әскердегі баласынан хат-хабар күтіп жүргенде, қаралы қағаз алып жатқаны да жасыратын жағдай емес. Оған жақында Отар әскери базасында орын алған сарбаз өлімі дәлел. Тіпті баласын сау күйінде әскерге шығарып салып, мүгедек күйінде қарсы алғандар да бар. Яғни әскердегі әлімжеттіктің заманы әлі өтпей тұр. Отарда әскери ант қабылдағанның кейін төрт қабатты казарманың терезесінен жас сарбаз секіріп мерт болды. Орын алған қылмыстық жағдай, жедел жәрдем көлігінің келуі – бәрі-бәрі бейнекамераларда жазылып қалған. Қайтыс болған сарбаздың қалтасынан өлер алдында жазған жазбасы табылады. Тергеушілер сарбазды өлімге итермелеушілердің бар екенін анықтаса да, ақпарат әлі еш жерде жарияланбаған. Бұл әскердегі бірінші суицидтік жағдай емес. Елімізде әскери борышын өтеп жүрген сарбаздардың суицид жасағаны жайлы ақпарат жиі шығады. Былтыр Алматы облысында әскерге шақырылғанына үш ай болған 19 жастағы жігіт биік мұнарадан секіріп мерт болды. Сол кезде сарбаздың өзіне қол жұмсауына әскердегі әлімжеттік себеп болды деп айтылған. Ресми мәлімет бойынша соңғы он жылда Қазақстанда 228 әскери қызметкер өз-өзіне қол жұмсаған. Яғни орта есеппен жылына 22 сарбаз суицид жасайды. Қазақстанның әскери

бөлімшелерінде әр 6 күн сайын жарғыға қайшы келетін әрекет бойынша бір қылмыстық құқық бұзу тіркеледі. Кейінгі он жылда жарғылық емес өзара қарым-қатынасқа байланысты 604 адамға қарсы 623 қылмыстық құқық бұзу әрекеті есепке алынған. Бұл тек назарға іліккені ғана. Қорғаныс саласының шенеуніктері әскери қызметкерлер арасында жарғыдан тыс қарым-қатынасты азайту үшін түрлі шараларды қолға алып жатыр. Әскерлер ата-анасымен телефон арқылы сөйлеседі, анонимді сауалнама жүргізіледі, сарбаздардың денесі де тексеріледі, мұнымен қоса, «прокурор сағаты», «ашық есік күні», «көшпелі соттар» ұйымдастырылады. Осының арқасында кейінгі 20 жылда сарбаздар арасында өз-өзіне қол салмақ болғандар 18 есе, ал өзіне-өзі қол жұмсап мерт болғандар саны 5 есе азайған.

Бір танысымыздың оқу бітіргеннен кейін әскерге бармай, қашып жүргеніне бірнеше жыл болған. Жақында сол азаматты Қорғаныс істері жөніндегі департамент өкілдері шақырып алып, үйіне қош айтысуға да қаратпай әскерге аттандырып жіберіпті. «Әскерге барып керек емес» деп жүрген сабаз екі аяғына тұсаудың қалай салынғанын өзі де байқамай қалса керек. Соңғы жылдары департамент мамандары борышын өтейтіндердің артынан қудалап жүргенді жөн көрмей, осындай тәсіл қолдануға көшкен.

– Әскердің заманы емес, қазір оқитын заман. Әскерге барып бір жыл қиындық көріп, уақытымызды босқа кетіргенше, қоғамда жұмыс істеп, жағдайымызды жасап алғым келеді. Барып келген достарым да «Әскерге барып керек емес екен» деп жиі айтады. Ол жақтағы үлкендер тарапынан көрсетілетін әлімжеттікті мен айтпсам да билетін шығарсаңдар, Ата-анам да ол жақта девовщина бар,

бізге сау бала керек деп жібергілері келмейді, – деді елордалық студент Алпамыс Серіков.

Ұлын әскерге аттандырған ана Сандуғаш Сүлейменованың айтуынша, баласы жиі хабарласып, хат жазып тұрады екен.

– Үлкен ұлым Ақтауға барғаннан кейін командирлері бірден ата-аналардың чатын ашты. Әскери мекемеде өтіп жатқан шаралардың фотоларын жіберіп тұрады. Бір айда екі мәрте хабарласып отырамыз. Сөйлесіп, хабар алып отырғаннан кейін көңіліміз орнықты. Әрине, ана болған соң бастапқыда баламды бөтен жаққа жіберуге қорықтым. Бірақ ер азаматтың азығы да, қаруы да түзде. Бір жылда шындалып келеді деп отырмыз, – дейді ол.

ӘСКЕРДЕ ДЕ ЕТ ЖЕЙДІ

Ел қауіпсіздігі – ерлердің мойнында. Оған талас жоқ. Әлеуметтік желіде әскердегі тамаққа көңілі толмайтын азаматтардың видеолары тарап кетті. «Күнде дәмсіз ботқа жейміз, етті мүлдем жемейміз» дейді әскерден келгендер. Алайда полковник Ғани Артықовтың айтуынша, барлық әскери бөлімшелердің тамақ рациондары бірдей.

– Бұрынғы жылдармен салыстырғанда рационның калориясы бірнеше есеге көтерілді. Биыл әскери форма ғана емес, әскерлердің тамағына да көп жаңалықтар енгізіліп жатыр. Қазір банан, алма сынды жеміс-жидектермен қоса ұлттық тағамдар, ет те рационда бар. Әскерде орын алып жатқан күнделікті әлімжеттікті естіп жүрген қай ата-ананың баласын әскерге жіберуге жүрегі батады дейсіз. Бірақ қазір мұндай әлімжеттік азайған. Мемлекет тарапынан балалардың уақытын тиімді пайдаланып, бір жылда қалыптасқан Отан қорғаушы болып шығуына бар күшімізді салып жатырмыз. Жалған ақпаратқа даурыға берменіздер, – деді полковник.

БАЛҒА ҰСТАЙ АЛМАЙТЫНДАРДАН САРБАЗ ШЫҚПАЙДЫ

– Кезінде мені әскер қатарына алмай қойғанда жылап едім. Қазіргі жастар борышын өтеуге мән бермейді. Солардың көбі қолдарына балғаны да ұстай алмайды. Ал сол жігіттерді әскерге жіберсе шындалып қайтар еді. Әбіш Кекілбаевтың өзін алып қарасақ та, үйдегі жалғыз бала бола тұрып 27 жасында әскерге

барды. Барғанда да ең ауыр әскер қатарында болды. Егер сол әскерден өтпегенде, Әбіш – Әбіш болмас еді. Жылына 30 мың ғана жігіт Отан алдындағы борышын өтейді. Ал қалғандары қайда? Біздің жастар жер десе жанын беруге дайын, ал Отан десе үндемейді. Сонда жер жекеменшіктікі болса кейін қайтпақ? – деді қоғам қайраткері Ирак Елекеев.

Психолог мамандар жастардың әскерге бармауын заманнан емес, қоғамдағы теріс пікірдің қалыптасуынан дейді. Өйткені жастардың бойында патриоттық рух әлісіз. Сондықтан да борышкерлер әскерге барудан қашақтайтын көрінеді. – Бізде ұлттық идеология, рухани тәрбие әлсіреген. Қазіргі жасалып жатқан насихаттардың барлығы жастарды кәсіпкер болуға, блогер болуға үгіттеп жатыр. Ал әскерге бару керек деген құндылық қалмады. Яғни әскерге оқуға түсе алмаған, мектепте бұзық болған, ешбір жерден жұмыс таба алмаған жастар барады деген стереотип қалыптасқан. Бірақ шынымен де қоғамда осы көрініс орын алып отыр. Алтын белгімен бітіріп, өз кәсібін ашқан, жетістікке жеткен азаматтар әскерге бармайды. Сондықтан біз балаларға кішкентай кезінен патриоттық тәрбие беріп, ел мен жерге деген сезімін оятуымыз керек, – деді психолог Ержан Мырзабаев.

КӨБІНІҢ КӨЗДЕГЕНІ – КЕЛІСІМШАРТ

Иә, шынымен де, әскерге шен-шекпенділер мен байдың баласы барыпты дегенді ешкім естімейді. Мектепте жақсы оқып, жетістікке жеткендер де әскер десе ат тонын ала қашады. Ал әскерге баратын жастардың көбі сонда әскери келісімшартпен жұмыста қалып қоюды көздейді.

– Мен бала күнінен әскери қызмет етуді армандадым. Әскери оқу орнына түспесем де, әскерге барып келісімшартпен қалуға болатынын білгенде қатты қуандым. Әскерге барғандардың бәрі бірдей қызметке орналаса алмайды. Келісімшарт бойынша қызметке қалу үшін өтінім бересіз, өтінім қабылданғаннан кейін сіз медициналық тексеруден өтесіз, кейін физикалық және психологиялық тұрғыдан жақсы болуыңыз қажет. Яғни денсаулық жағдайыңыз бен әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігіңіз бар ма? Психологиялық тұрғыдан шыдай аласыз ба? Соның бәрі тексеріледі, – деді жас сарбаз Бағлан Қадыров.

Әскерилер толықтай мемлекеттің қарауында болса да, олардың жалақысын нарықтың көмегімен есептесек аз. Ал оларға артылған жауапкершілік пен жұмыстың жүгі ауыр. Дегенмен бийлуден бастап жалақылары кезек-кезденмен өсе бастады. Бұрынғы жылдары келісімшартпен қызметке қалғандардың айлығы 80-90 мың теңге болса, жыл басынан бастап 110-120 мыңға өсті. Алдағы жылдары да жыл сайын 70 пайызға дейін өсетін болады. Сондай-ақ әскери қызметкер зейнетке шыққанша үйінің ипотекасын мемлекет жауып отырады. Балабақшаға кезексіз тұрады, медициналық қызмет тегін көрсетіледі, киіммен де тегін қамтылады. Құн-тұн демеі сап түзеп, үнемі қызмет барысында жүретін сарбаздарға мемлекеттің мұндай қолдау көрсеткені, әрине, дұрыс. Өйткені әскери сала азаматтарының басқа мамандық иелеріндегі бос уақыты көп емес. Кей әскерлер отбасыларымен бірге 5-6 аймақта қызмет атқарған. Үнемі көшіп-қону. Сондай-ақ әскер тек ер азаматтардікі деп қарағанымыз жөн болмас. Қарулы күштер құрамының 12 пайызын әйелдер құрайды. Мұндайда Отанын қорғауға батыр қыздарымыз кіріскенде, жігіттеріміз қайда жүр дейсің? Ал Отан алдындағы борышын өтеуге баратындардың 80 пайызы – қазақтар. Қалған 20 пайызы – өзге ұлт өкілдері.

«Қара бет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық» дейді Бауыржан Момышұлы. Ата Заңымыздың 34-бабында «ҚР қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы әрі міндеті» екендігі тайға таңба басқандай көрсетілген. Бойындағы бұла күшін бір-біріне емес, елді қорғауға жұмсайтын жауынгерлер керек. Сонда ғана шекарамыз шегендеулі, шөбіміз мықты ел боламыз.

Диана БАТЫРБЕК,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің студенті

«МЕНИҢ АҒАМ ТОТ САМЫЙ АЛТЫН АДАМ»

Қазақ тілі тегеурінді, шексіз бай тіл деп айтып жатамыз. Бұл рас. Ана тіліміз – бізге ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Бұрындары батырларымыз ақ найзаның ұшымен ел мен жерді қорғаса, шешендеріміз бір сөзбен-ақ жауды жайратқан. Ал қазіргі таңда жүз пайыз қазақша сөйлейтін жастарымыздың саны азайып барады.

Бүгінде жастар арасында шала сөйлеу сәнге айналғандай ма? «Менің ағам тот самый алтын адам» деген сияқты қазақша мен орысша сөздерден құралған әндер қатары толып барады. Бұрындары әдемілікті бота көзді, сұнғақ бойлы, айдай ажарлы деген сияқты теңеулермен сипаттаған. Ал қазіргі жастар «әдемісің до того, көзім тоймайды» деп әңдетіп жүр. Жастар тілі дегенді естуіңіз бар ма? Әр жердің өзіне тән диалект сөзі болады, сонымен қатар әр мамандыққа қатысты термин сөздер болады. Сол секілді қазір жастар арасында жаргон сөздер танымалдыққа ие бола бастады.

Оларды сленг сөздер деп атайды екен. Сленг сөздер көпші күйді білдіретін кезде қолданылады. Оларға мысал ретінде сіз бір затқа не болмаса құбылысқа таңғалдыңыз делік. Сол кезде «массаган», «керемет» деген сөздерді айтасыз. Ал жастар бұл сөздердің орнына «базар жоқ», «джынды» деген сөздерді қолданады. Жай ғана «рақмет» деген сөзді «раха» деп қысқарта салады. Бұрындары ағаларымыз «бауырым, ішіндегі тәуірім» деп қасында жүрген жолдасын жақсы көрсе, қазір сол сөздің орнына бір сөзбен «братуха» деп атап жүр. Сол сияқты бос сөзді көп айтатын адамды «қуғынбай»

деп атаса, қамқоршысы, тірегі бар адамды көрсе, «оның қрышасы бар» деген сөздерді де естіп жатамыз. Айта берсең сленг сөздер өте көп. Қазіргі жастар қазақша біледі, түсінеді, бірақ ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алмайды. Бұл олқылықты жою үшін оларға ақын-жазушыларымыздың шығармашылығымен танысып, таным көзкіеігін кеңейтетін кітаптарды көптеп оқу қажет.

ҰЛТ МҰРАТЫ ҮШІН 18 ЖЫЛ ҚАПАСҚА ҚАМАЛҒАН



«Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысы жетекшілерінің бірі, қоғам қайраткері, математика профессоры атағын алған тұңғыш қазақ, жақында туғанына 130 жыл толған Әлімхан Ермековтің ұлт үшін атқарған қызметі үлкен. Бүгінде елордада қайраткердің атына көше берілген. Темірқазық, Н.Оңдасынов, Алпамыс батыр көшелерін қиып өтіп, Қарасақал Ерімбет көшесімен аяқталатын Ә.Ермеков көшесінің ұзындығы – 899,5 м. Қазақ республикасының аумағына Каспий теңізінің солтүстік жағалауы (Астрахан губерниясынан) қайтарылғаны тиімді екенін Әлімхан Ермеков В.Ленинге дәлелдеп бермегенде, қазақтың шұрайлы, мұнай мен балыққа бай өлкесі қазіргі Қазақстан аумағынан тыс қалар еді. Дегенмен қайраткер есімі елдің есінде қалсын, зердесіне жазылсын, жас ұрпақ біле жүрсін деген ниетпен жасалып жатқан насихат пен құрмет шаралары тек көше берумен аяқталмайды деген үміттеміз.

Кезінде «Қазақ» газеті оның тұлғалық жағын айшықтап, технологиялық институтқа асқан зеректер ғана түседі. Әлімхан – білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған жігерлі азамат» деп баға берген екен. Сонымен бірге Әлімхан Ермеков Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесіне мүше болған.

ШЕКАРАНЫҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН
Ғалым М.Ескендірұлының «Алаш Орда» министрлері» (2008 ж.) атты кітабында: «Әлімхан Ермековтің тарихи зор еңбегінің бірі – Қазақ автономиясы шекарасының біртұтастығын жандырып қорғауы. Осы орайда ол 1920 жылы 17 тамызда В.Лениннің төрағалығымен өткен қазақ өкілдері қатысқан Халық ко-

миссарлары кеңесінің мәжілісінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралғанда, Қазақстанның жағдайы туралы баяндама жасайды. Онда ол жер, Қазақстанның шекарасы туралы мәселелерді қамтып, өктемшіл, озбыр, отаршылдық пиғылдағы өкілдермен қызу айттық түсіп, өз пікірін тиянақты, жан-жақты, бұлтартпас дәлелдермен қорғап шығады. Нәтижесінде кезінде қазақтардан тартып алынған Каспийдің теріскей жағалауындағы ені бір шақырымдық және Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық ұлан-ғайыр жер Лениннің тікелей қолдауымен Қазақ еліне қайтарылды» деген тарихи мәлімет бар. Әлімхан Ермеков туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанна Қыдырлина монография жазып шықты. Онда ғалым көрнекті қайраткер еңбегіне тоқталған.

ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ
1921 жылы Әлімхан Ермеков Қарқаралыда екі сатылы мектеп пен педагогикалық техникум ашқан. 1925 жылы Ермеков Семейге шақырылып, Орынбордағы Қазақстан Госплан төрағасының орынбасары болып бекітіледі және осымен бір уақытта өндіріс секциясына жетекшілік жасайды. 1929-1930 жылдары Алаш жетекшілерінің қуғындау басталғанда Ә.Ермеков те тұтқынға алынып, соңынан бостандыққа шығарылды. 1927-35 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының оқытушысы, ҚазПИ-де доцент, Алматы зоотехника және мал дәрігерлік институтының профессоры және математика кафедрасының меңгерушісі, 1935-37 жылдары Алматы кен-металлургия институты математика және теориялық механика

кафедрасының меңгерушісі болып, дәріс беріп, ағартушылық қызметпен айналысқан. Осы жылдардағы жемісті еңбегінің нәтижесінде жоғары оқу орындарына арналған алғашқы қазақ тіліндегі математика оқулығын жазды. Ғалымның «Ұлы математика курсы» оқулығы жоғары техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып, қазақ тілінде латын қарпімен 1935 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан 3500 данамен жарық көрді.

ҚҰНДЫ ОҚУЛЫҚ ЖОЙЫЛҒАН
Деректерге қарағанда, Абай атындағы әмбебап кітапхананың сирек басылымдар қорында осы еңбектің бір данасы сақталған. «Ұлы математика курсы» кітабы аналитикалық геометрия негіздері және дифференциал мен интеграл негіздері атты екі бөлімнен тұрған. Өкініштісі, профессордың бұл кітабы қиын-қыстау жылдары жойылып жіберілген. Ғалымдардың айтуынша, оқулыққа қазіргі қолданыста жүрген қосынды, қосу, нүкте, теңдеу, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, теріс бұрыш, түзу, жазықтық, алым, бөлім, жатық сызық, сабақ, кесінді, тұйықтаушы вектор, теріс бұрыш, тұрақты шама, т. б. математика терминдері қолданылған екен.
Заманында Ә.Ермековтен сабақ алған Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті тау-кен институтының директоры, профессор

И.Арыстанның «Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 13 қарашасында жарық көрген «Ескірмейтін еңбек» атты мақаласында: «Осы ұлы адамның көзін көріп, дәрісін тыңдауға жазған тағдырыма ризамын. ...Біз ол кісінің халқының болашағы үшін күресте ауыр жолдан өткенін, ұлттық математиканың негізін қалаушы екенін көп жылдардан соң барып білдік. Қуғын-сүргін зардабымен арпалыса жүріп, «Ұлы математика курсы» оқулық кітабын жазғанын тәуелсіздік таңы атқанда ғана естідік. Кезінде жойылып жіберілген еңбектің архивте сақталған жалғыз данасын шәкірттері қайта бастырып шығарды. Бүгінде ол – әрқайсымызға қымбат мұра» деп ұстазын еске алады. Ә.Ермековтің «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігі 1936 жылы жарық көрген. 1935 жылы КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясы оған теориялық механика мен математикадан профессор дәрежесін берді.

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖҮГІ
1930-1947 жж. Ермеков «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» аталып, үш рет сотталды. 20 жылдан астам өмірін түрмелер мен саяси қуғын-сүргінде өткізіп, азап шегіп, аса ауыр моральдық соққыға ұшырады. Оны білетіндердің, көз көргендердің, шәкірттерінің айтуынша, кеңес өкіметінің жазалау органдарының қудалауында ұзақ жылдар болғанына қарамастан, ол адамгершілік қасиетін, ұлтжандылық позициясын, ғалымдық, ұстаздық болмысына кір шалдырмай, сақтай білген азамат болған. Әлімхан Ермеков 1937 жылдың күзінде 1938 жылдың наурызына дейін тұтқынға алынғанша Мәскеуде Куйбышев жоспарлау институтының математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Осы жылы 10 жылға сотталып, кесілген мерзім 6 жылға азайтылғанмен, Ұлы Отан соғысына байланысты лагерьде 1947 жылға дейін отырады. 1948 жылы қайтадан тұтқынға алынып, 10 жылға үкім шығады. Абақты ғұмырдан 1955 жылы босап шыққан Ә.Ермековке Қарағанды жерінде тұру туралы шешім шығарылып, Қарағанды политехникалық университетінде зейнет демалысына дейін қызмет етеді.

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАР...
1891 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Беріктас деген жерінде туған. Атасы Ермеков ақсақал кезінде Абайдың әкесі Құнанбаймен Меккеге қажылыққа барған. 1912 жылы Томск техникалық институтында оқыған Әлімхан алғашқы қазақтың бірі болды. 1917 жылы Әліхан Бөкейхан бастаған Алаш ардақтыларымен бір ту астына бірі-

гіп, автономия құруға атсалысты, француз, ағылшын, латын, италиян тілдерін жетік білген.
Қаныш Сәтбаевты Томск қаласына өзі жетелеп апарып, технологиялық институттың тау-кен факультетіне оқуға түсіреді. Соңынан Сұлтанмахмұт Торайғыровка да Томскіде оқуына қолдау көрсетеді деген дерек бар.
Әлімхан Ермековтің ұрпақтары да ғылым мен білімге жақын болды. Ұлы Мағауия – минерология ғылымдарының докторы, геолог, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі. Немересі Олег Ермеков қазіргі таңда Ұлыбританияда тұрады екен. «Magyudi education» атты білім беру орталығының басшысы, экономика ғылымдарының докторы.

ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ ЕТСКЕ...
Ә.Ермеков туралы деректі фильмнің авторы әрі жауапты жетекшісі Назгул Әбүтұрапова қызық дерек келтіреді. «Абақтыда Ермековке де талай рет қауіп төнген. Бірақ түрме басшылары оны үнемі кейінге ысырып отырған. Неге десеңіз, олардың бәрі диплом алу үшін оқуы керек еді. Түрме басшылығының рұқсатымен қызметкерлерге орта мектеп көлемінде сабақ берген профессордың дәрісіне лагердегі офицерлер құрамы да қатысқан. Тіпті кейін «Құрметті профессор» деп атап кеткен. Бұл жайында жазылған естелік-дәптерді Ермековтің туған немересінің қолынан оқыдық» дейді ол.

Осы сұхбаттан фильмнің авторы әрі жауапты жетекшісі Назгул Әбүтұрапованың аузымен айтылған мына деректер арқанды мұздатады. «Ермековтің ғылыми атақтары сыпырылып, оқулық-кітаптары жойылды. Ермеков атақты 58-баппен сотталып, 18 жыл түрме тауқыметін тартқан. Кейін сол Қарағанды қаласындағы Ленин көшесі, 58-үй, 58-пәтерде тұрған және үйі телефонды да осы тектен сандар болған. Бұл 58-баппен сотталғанын «ұмыттырмаудың» әдемі әдісі еді. 1970 жылы тұңғыш қазақ математигі, профессор, ағартушы-ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаштың ақырғы ақиығы қарапайым қалпында дүниеден аттанып кетті. Қарағандылықтар оны ың-шыңсыз, көне қаланың қайдағы бір шетіндегі елеусіз жатқан христиан зиратына жерлей салыпты. Барар жолы да жоқ екен, адасып зорға таптық, сенесіз бе?» дейді ол өз әңгімесінде. Осылай дей келе, бүгінгі арзан күлкі, болымсыз сауыққа қыруар қаржы төлеп отырған еліміздегі телеарналар да осындай асыл арыстардың жанқиярлық істері, ұртқа қызметі жайында айтып, көрсетіп отыруға құлықсыздығын келтіреді.

Жадыра ШАМУРАТОВА



Жақында елорданың Алматы ауданында көрнекті ақын Кеңшілік Мырзабековтің атына көше берілді. Бұл көше И.Панфилов көшесінен басталып, Бәйдібек Қарашаұлы көшесіне аяқталады. 6 маусымда қазақ поэзиясынан өзінің үлкен орнын ойып тұрып алған арынды ақынның туғанына 75 жыл толады.

amangali.kalzhana@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кеңшілік орыстың ұлы ақыны Александр Пушкинмен бір күні туды. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың қасында көп жүрді. Бірақ Мұқағалидың жасына да жетпей, 1989 жылдың 30 қаңтарында 42 жасында кенеттен өмірден озып кетті. Туған жері – Торғайда жер бесікке бөленді.
Кеңшілік Ағытайұлы Мырзабеков 1946 жылы Жангелдин ауданының Жәнібек Тархан ауылында дүниеге келді. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірді. Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы»), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас

Алаш»), Алматы облыстық «Жетісу», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Жазушы» баспасында, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында қызмет істеді.
Ақынның алғашқы жинағы «Іңкәр дүние» 1972 жылы баспадан шықты. Оның «Сәуір» (1980), «Революция перзенттері» (1980), «Қасиетті қас қағым» (1985), «Дәуір – дастан» (1988) атты өлеңдер жинақтары, «Тың туралы толғау» (1987) мақалалар мен очерктер жинағы жарық көрген. «Балалық шақ балладалары» (1987) атты жыр жинағы зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланды. Ол Е.Евтушенконың «Менің шешем және нейтрон бомбасы», «Фуку» поэмаларын қазақ

КЕҢШІЛІК АҚЫННЫҢ КӨШЕСІ

тіліне аударды (1989). Өмірден озған соң «Іңкәр дүние» жинағы 1990 жылы қайта басылып, «Ауыл мен астана» (1994), «Бір мысқал» (1996), «Жолға салдым көшімді» (2002), «Менің мұңым – махаббат» (2003) кітаптары шықты. Туғанына елу жыл толуына орай «Қайран Кеңшілік!» (1996) атты естелік кітап оқырмандар

қолына тиді.
Кеңшілік Мырзабековтің поэзиясы аға буыннан да, өз тұстастарынан да, кейінгі буыннан да жақсы бағасын алды. Ақын туралы ақыннан артық ешкім айта алмайды. Төменде Кеңшілік ақынның шығармашылығы жайында сондай пікірлерді жариялағанды жөн көрдік.



Нұрлан ОРАЗАЛИН:
КЕҢШІЛІК ДЕСЕ...

...Кеңшілік десе... Менің есіме алпысыншы жылдардың ауылы, ақынның өз тілімен айтқанда:
«Бала едік біз елде өскен, Жар жағалап, көл кешкен, Тұлымымызды күн сүйіп, Тұсауымызды жел кескен. Соғыстан кейін шыр етіп, Өртеңбіз өртең жерге өскен...» деген табанының күсі жұқара қоймаған, сақал-мұрты енді-енді тебіндей бастаған жеткіншектер түседі...
Кеңшілік десе... Буыны бекіп, бұғанасы қатар-қатпас кезден-ақ қолына қалам ұстап, атақты «алпысыншы жылғылардың» рухымен сусындап, ауасымен тыныстап, солардың жазған-сызғандарын жарғақ-құлақтары жастыққа тимей түгендеп, оқып-тоқып өскендер тұрады көз алдымызда...

Кеңшілік десе... Өнерді өмірге балаған, өлеңді тағдырға санаған, ала жіп аттауды ар деп ұққан, ар мен жыр үшін жүрегімен от жалаған, аңғалдығы мен адалдығы үшін таяқты аз жемеген, жер ортасына жетсе де әлі күнге әке тәрбиесімен еніп, ана сүтімен сіңген сол мінезін арыла алмай келе жатқан талантты буынның кешегі бозбала шағы, бүгінгі тұлпар кескінді келбеті елестейді. Сол топ, сол буынның ғана ары мен айбары болып қоймай, қазақ рухының әлемінің туын желбіретіп, төбеге көтерілгендер, асудан асқандар, шыңға шыққандар санатына қосылған Кеңшілік тұрады көңілде, Сағат тұрады санана, Жұматай тұрады жүрекке, Жәнібек тұрады жадыда!..

Темірхан МЕДЕТБЕК:
СӨЗБЕН СУРЕТ САЛУДЫҢ ХАС ШЕБЕРІ

...Кеңшілік шығармашылығындағы ең алдымен көзге түсетіні – тілінің құнарлылығы. Құнарлы болғанда да, түгін тартсаң май шығатындай құнарлылығы. Оның ана тіліміздің ақ уызын әбден мелдектеп еміп өскені әп дегеннен-ақ мен мұндап шыға келеді. Жосылдап ағып, төгіліп күйіліп, кесіліп жөңкіле жөнелетін оның өлеңдерін оқи бастағаннан-ақ бұған көзің жете түседі. Тағы да ол тіл – таңдайды қақайтын тақылдаған тіл емес, аңқыған иісі тұла бойыңа жайылып, серпіліп, солқылдап тұратын, күллі қазақы болмыс пен үкілі қазақы рух сіңген табиғи тіл. Оқыған сайын даланың алып кеңістігінде аңқылдап соққан

Нағашыбай ҚАБЫЛБЕК:
АҚЫНДЫҚ ҮН ҰЛТТЫҚ БОЯУМЕН АСТАСАДЫ

...Асқақ романтика мен сыршыл сезім – Ж.Әбдірашевпен заманы бір ақын К.Мырзабековтің өлеңдері мен балладаларына тән сипат. Оның қаламынан туған «Ақ көйлек», «Көшу» сияқты сюжетті өлеңдерде ақындық үн ұлттық бояумен аста-сып, өзгеше өрнек тапқан. Сыншылар назарына көп іліккен «Ақ көйлек» өлеңі – астарлы, ишаралы өлең. Өлеңнің атының өзі астарлы бір ойға меңзейді. Ақынның қылаусыз сезімі, тап-таза көңілі, жүрек бұлқынысы өлең құрылымын тұтасымен жанды суретке айналдырып, ерекше бір әсер қалдырады. Қаладан көкем әкелген маған ақ көйлек, Жүп-жұқа сөтен, өзіме ғана шақ көйлек. Ойлайтын едім дәл мұндай мата жоқ қой деп, Киер ем күнде ауылда, өттең, көп той жоқ, – деген жолдармен басталатын өлең әрі қарай ақынның сол ақ көйлекке деген ерекше сүйіспеншілігімен өріліп, алаңсыз, қылаусыз балалықтың белгісіндей болған көйлекті киген сәттегі лирикалық кейіпкер сезімі, балалық пен бозбалалық дәурен арасындағы толқу, ақ көйлекті қара құйынның ұшырып әкеткен сәтіндегі күйініш пен өкініш тамаша үйлесім тапқан. Ақ көйлек, ақынның өз сөзімен айтқанда, «жамауы жоқ, жасауы жоқ, көңіліндей

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №64 (4188) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Rows include MAUBIEV, BAJIKOVA, KENTAIEVA, IL'YIN, AL'SEITOVA, KESIKBAEVA, ARAPEBKOVA, VASILYENKO, ZHAKUTOVA, KENTAIEVA, KHAYRULLINA, SAIDIL'DI'NOV, SVINITSKAYA, ZHENTAEVA, KALYBAYEV, TASHENOVA, ZHUSUPOVA, KALIEVA, KHURPISOV, KHURUMOV, KHURUSOVA, CHOTYAKOVA, TANCHAEV, TASHPENOVA, LANGOLF, KOSHANOVA, ZHETPISBAEV, NAKENOVA, KHUMARXANOVA, ZHANGABYLOVA, KUTYBAEVA, SEITKASIMOVNA, ZHIGEL'DI'NOVA, KHUSAINOVA, EGIMBAEVA, GRITSYK, KAZBEKOVA, UMIROVA, STEPANOVA, BATHYRBAEVA, TULEMISOVA, KHURAKHMETOVA, ESMAGAMBETOVA, AKHATAEVA, KALITA, ABDYKULOV, IMANBOLOVA, TUNYAKINA, SULTANBEKOVA, GAVDAEV, BALTIIEVA, SEYITPILOVA, ARYSTAMBEKOVA, NAGORNOVA, PONAMAREVA, KONBAEVA, ZHUMABEKOVA, AYDARXANOVA, MAMBAEVA, ALPEYSOVA, BEKENOVA, MAKARYAN, BEKENAIEV, MAIER, MAUTKHANOVA, BERNAKSKAYA, IYERAEVA, ELEMESOVA, ZHAPALAKOVA, AMIROVA, KADYRBAEV, ALTYBAEVA, DYUSENOVA.

Table with columns: 3169, 3170, 3171, 3172, 3173, 3174, 3175, 3176, 3177, 3178, 3179, 3180, 3181, 3182, 3183, 3184, 3185, 3186, 3187, 3188, 3189, 3190, 3191, 3192, 3193, 3194, 3195, 3196, 3197, 3198, 3199, 3200, 3201, 3202, 3203, 3204, 3205, 3206, 3207, 3208, 3209, 3210, 3211, 3212, 3213, 3214, 3215, 3216, 3217, 3218, 3219, 3220, 3221, 3222, 3223, 3224, 3225, 3226, 3227, 3228, 3229, 3230, 3231, 3232, 3233, 3234, 3235, 3236, 3237, 3238, 3239, 3240, 3241, 3242, 3243, 3244, 3245, 3246, 3247, 3248.

Table with columns: 3249, 3250, 3251, 3252, 3253, 3254, 3255, 3256, 3257, 3258, 3259, 3260, 3261, 3262, 3263, 3264, 3265, 3266, 3267, 3268, 3269, 3270, 3271, 3272, 3273, 3274, 3275, 3276, 3277, 3278, 3279, 3280, 3281, 3282, 3283, 3284, 3285, 3286, 3287, 3288, 3289, 3290, 3291, 3292, 3293, 3294, 3295, 3296, 3297, 3298, 3299, 3300, 3301, 3302, 3303, 3304, 3305, 3306, 3307, 3308, 3309, 3310, 3311, 3312, 3313, 3314, 3315, 3316, 3317, 3318, 3319, 3320, 3321, 3322, 3323, 3324, 3325, 3326, 3327, 3328, 3329, 3330, 3331.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 3332 to 3409.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 3410 to 3494.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 3495 to 3581.

